

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың
шығармашылық қабілеттерін дамыту
бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Астана – 2014

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2014 жыл, - 47 б.

Әдістемелік ұсынымдарда денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша жалпы ұсынымдар, мүгедек балаларды оқыту және тәрбиелеу жөніндегі мектептен тыс ұйымдардың жұмыс тәжірибесі қамтылған.

Ұсынымдар жалпы білім беру мектептері мен мектептен тыс ұйымдарда балаларға қосымша білім беру жүйесінің басшыларына, әдіскерлеріне, педагогтеріне арналған.

*Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының
әдістемелік кеңесі басып шығаруға ұсынған*

© Республикалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы, 2014

Мазмұны

Кіріспе

«Шығармашылық қабілеттер» ұғымының мазмұны

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар әлеуметтік әлсіз топ ретінде

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивтік білім беру: шетел тәжірибесі

Қазақстандағы инклюзивтік білім беру

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік оңалту бойынша қосымша білім беруді ұйымдастырудың міндеттері

Қосымша білім беру жүйесі - денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту факторы

Бейнелеу қызметінің құралдарымен нашар еститін балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту (Ақмола облысы Көкшетау қ. балалар көркемсурет мектебі)

Көркемсурет қызметінің педагогикалық әлеуетін іске асыру бағдарламасы - денсаулық мүмкіндіктері шектеулі баланың жеке тұлғасын дамыту құралы (Ақмола облысы Есіл қ. Жастар шығармашылығы үйі, Астарханка с. Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы үйі)

«Радуга» үйірмесінің сабақтарында психикалық дамуы тежелген балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту (Батыс Қазақстан облысының облыстық экологиялық-биологиялық орталығы)

Шығармашылық оңалту денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың қоғамға бейімделу жолы ретінде (Курчатов қ. «Горизонт» балалар-жасөспірімдер клубы, Шығыс Қазақстан облысы Зырян қ. жас натуралистер станциясы)

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың шығармашылық әлеуметтік-мәдени қызметі (Батыс Қазақстан облысы Орал қ. Мектептен тыс жұмыс орталығы)

Көркемсурет қызметі және арттерапия құралдары арқылы денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту (Павлодар облысының Балаларға қосымша білім беру ұйымдары)

Әлеуметтік-мәдени қызмет - денсаулық мүмкіндіктері шектеулі баланың жеке тұлғасын дамыту құралы (Солтүстік Қазақстан облысы Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы)

Экологиялық-туристік бағыттағы пәндік-практикалық қызмет арқылы мүмкіндіктері шектеулі балалардың шығармашылық әлеуетін ашу (Жамбыл облысы Тараз қ. Облыстық мектеп олимпиадалары мен мектептен тыс іс-шаралар өткізу орталығы)

«Нұртамшы» балалар қоғамдық бірлестігінің «Жүрек жылуы» әлеуметтік жобасы (Атырау облысы Құрманғазы ауданының Абай Құнанбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебі)

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

Кіріспе

Елімізде соңғы жылдары өзгеріс тапқан әлеуметтік және экономикалық ахуалдар жағдайдың өзгеруіне ден қоюға, өз таңдауын жүзеге асыруға, шешімдер қабылдауға қабілетті, шығармашылық тұрғыда жаңашыл әрекетке және стандартты тәжірибе шегінен шығуға ұмтылатын іскер, бастамашыл, шығармашыл жеке тұлғаларға деген қажеттілікті туғызды. Сондықтан мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту проблемасы олардың табыстылығының кепілі ретінде барынша өзекті болып табылады.

Қазіргі білім берудің ерекшелігі мақсаттарды «тұтас өмірге арналған білімнен» «тұтас өмір арқылы білімге» ауыстыруды көздейтін болғандықтан, шығармашылық қабілеттерді дамыту білім берудің өзекті міндеттерінің бірі болып табылады.

Өздігінен білім алу, өзін өзі дамыту және өмірдегі орнын табу қабілеттілігі бүгінгі күні жеке тұлғаның (құзыретін) кәсіби маңызды қасиеті ретінде қарастырылады. Адамның қабілеттері — қоғамдық дамудың нәтижесі. Олардың қалыптасуы адамзаттың қоғамдық-тарихи даму процесінде меңгерген белгілі-бір әрекет нысандарын игеруді болжамдайды. Олар қоғамдық, ғылыми және мәдени өмірде болып жатқан құбылыстарға дұрыс ден қоя білуде, үнемі құбылып отыратын өмірден алынған жаңа мүмкіндіктерді пайдалануға дайын болуда, орын алатын өмірлік жағдайға деген көзқараста, дәстүрлі шешімдерден алшақ болуға ұмтылуда, стандартты емес идеяларды ұсынуда; адамзаттың негізгі қажеттіліктерінің бірі – өмірдегі өз орнын табуға деген қажеттілікті қанағаттандыруда көрінеді.

«Шығармашылық қабілеттер» ұғымының мазмұны

«Балалар шығармашылығы» ұғымына бір-бірімен байланысты, оларсыз балалар шығармашылығының мәнін айқындау мүмкін болмайтын «қабілеттер», «қиял», «бейімділік», «шығармашылық акт» сияқты ұғымдар кіреді.

Қабілеттердің анықтамалары көп. Мәселен, Б.М. Теплов қабілеттер – бір адамды екінші адамнан ерекшелетін жеке-психологиялық ерекшеліктер және қандай-да бір әрекеттің немесе көп әрекеттердің табысты болуына қатысы бар ерекшеліктер деп санаған (24). Н.С. Лейтестің анықтамасы бойынша, қабілеттер – бұл әрекетті жүзеге асыру мүмкіндігі және табыстылық дәрежесі соған байланысты болатын жеке тұлғаның қасиеті (14).

Сонымен, қабілеттілік деп белгілі-бір әрекетті меңгеруде салыстырмалы жеңілдік пен жоғары сапаны қамтамасыз ететін, жеке тұлғаның жекебасты ерекшеліктері түсініледі. Дегенмен, қабілеттер – туа біткен қасиеттер емес, олар тек даму процесінде болатынын және нақты әрекеттен тыс жерде дами алмайтынын атап көрсету қажет.

Қабілеттерді дамытудың тиімді жағдайлары деп қабілеттер оңай әрі тез қалыптасатын және дамитын, дамудың барынша жоғары деңгейіне қол жеткізетін жағдайлар түсініледі. Бұл жағдайларды өзінің еңбектерінде психолог Р.С.Немов айқындаған болатын (21).

Адамда белгілі бір бейімділіктің болуы. Адамның бойындағы бейімділікті дұрыс мақсатта анықтау қажет, оның үстіне қабілеттерді дамытуға тікелей байланыстыларын ғана емес, сонымен қатар оның бойында бар басқа бейімділіктерді де анықтау қажет. Мұны адамның қабілеттерін дамытуда онда бар барлық бейімділіктерді пайдалану үшін жасау қажет.

Бейімділікті уақтылы, мүмкіндігінше ерте анықтау. Бұл шарт адамның бойында қабілеттерді неғұрлым ерте қалыптастырып, дамыта бастаса, оларды дамытуда соғұрлым көп нәтижеге қол жеткізуге болатындығымен түсіндіріледі. Дегенмен бұл байланыста бейімділікті айқындаудың бастапқы кезеңін және адамның өзіндегі тиісті қабілеттерді дамытуға деген ниетін дер уақытында меңгеру қажет. Ерте жастағы балаларды алатын болсақ, онда олардағы тиісті ниет осы қабілеттерді дамытуға байланысты қызмет түріне деген қызығушылықты арттырудан пайда болады.

Адамды тиісті қабілеттері қалыптасатын және дамитын қызмет түріне белсене қатыстыру. Адамды қызметтің, әсіресе қалыптасып келе жатқан қабілеттерімен функционалды түрде байланысқан және оның бойында бар бейімділікке сәйкес келетін қызметтердің әр түріне қатыстыру.

Қабілеттерді дамыту әдістемесін жақсы меңгерген, сауатты, дайындығы бар педагог кадрлардың болуы. Сондай-ақ, педагогтердің өздерінің жоғары дамыған сәйкес қабілеттерінің болуы өте маңызды. Бұл қабілеттерді қалыптастыру және дамыту тек білім беру арқылы және сөзбен түсіндіру арқылы вербалды түрде жүргізумен емес, сонымен қатар бақылау және тікелей еліктеу арқылы да жүргізуге байланысты.

Қабілеттерді дамыту үшін оқытудың заманауи, тиімді құралдарын, атап айтқанда, жақсы жазылған, әртүрлі техникалық оқыту құралдарын қолдану.

Қабілеттерді дамыту процесін қалыптастырып, дамитындардың тарапынан да, осы қабілеттерді қалыптасып, дамытушылардың тарапынан да жүйелі түрде бақылау және бағалауды қамтамасыз ету. Бақылау мен бағалау адамның өзіндегі қабілеттердің даму процесін саналы түрде бақылай алуы және кез келген уақытта қабілеттерінің шын мәнінде табысты дамуда екеніне көз жеткізе алуы үшін маңызды. Бұл қабілеттерді дамытуға деген ішкі ынтаны арттырады.

Шығармашылық баланың ішкі әлемін, оның ұмтылыстарын, қалауын, күйзелістерін бейнелейді. Шығармашылық сәтінде бала өзін жеке тұлға ретінде барынша толық әрі терең сезінеді, өзінің жеке даралығын ұғынады.

Әр баланың шығармашылық бейімділігі әртүрлі. Олар нерв жүйесінің қасиеттеріне, эмоциялық сезімталдылыққа, жігерлілікке байланысты және көбінесе тұқым қуалаушылықпен айқындалады. Оның үстіне, шығармашылыққа қабілеттілікті дамытуға баланы қоршаған орта, әсіресе отбасы әсер етеді.

Шығармашылық әрекеті процесінде балада өзіндік жеке тұлғалық құндылықтарын сезіну күшейеді, дербес әлеуметтік байланыстар белсенді құрылады, ішкі бақылау және тәртіп сезімі пайда болады. Бұдан басқа, шығармашылық бала үшін еңсерілуі қиын болып көрінетін ішкі қиындықтарды, жағымсыз әсерлерді жеңуге көмектеседі. Балаға өз сезімдері мен эмоцияларын, сондай-ақ білім мен көзқарасын вербалды емес, көрнекі бейнелердің көмегімен беру жеңілірек. Кейбір балалар сөйлеу немесе есту мүмкіндігінен шектелген немесе мүлдем ада екенін айта кету керек, осы жағдайда вербалды емес құрал қарқынды сезімдер мен сенімдерді ашатын және түсіндіретін бірден-бір аспап болып табылады. Егер бала ұяң және қорқақ болса, өз күшіне сенімсіз болса, мұнда шығармашылық өте пайдалы, шығармашылық әрекет балаға қысылу күйінен босауға мүмкіндік береді.

Балалардың тұтас шығармашылық дамуы туралы айта отырып, осы процеске әсер ететін факторларды ашып көрсету қажет. Оларға баланың шығармашылық шешімдерге бағдары, бастамашылық білдірудегі кедергілерді жою, жеке тұлғаның саналы шығармашылық қасиеттерін мадақтау және бәріне бірдей назар аудару жатқызылады.

Осылайша, шығармашылық – сапасы жағынан жаңа және қайталанбайтындығымен, бірегейлігімен ерекшеленетін, әлеуметтік маңызы бар әрекет. Шығармашылық қабілеттер табиғатында шығармашыл тұлғаларды (ғылымның, өнердің) қажет ететін әрекеттер саласында ғана емес, сонымен қатар бір қарағанда шығармашыл деуге болмайтын қызмет түрлерінде де көрінуі мүмкін. Мысалы, еңбек саласындағы бірқалыпты жұмыстың өзінде де кейде шығармашылық көрінеді және адамдардың еңбегін жеңілдететін, оны қызықты әрі тиімді ететін әртүрлі машиналар мен тетіктер құрылады. Бір сөзбен айтқанда, шығармашылық – адамның жеке тұлға ретіндегі ерекшелігі қасиеті.

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту

Қазіргі кезеңде еліміздің дамуында қоғамның санасы біртіндеп денсаулық мүмкіндіктері шектеулі адамдарға деген көзқарастың түбегейлі өзгеруін басынан кешіруде.

Ғылыми әдебиетте «мүмкіндіктері шектеулі адамдар» ретінде, көбінесе, күнделікті өмір сүруде тәндік, психикалық немесе сенсорлық кемшіліктеріне байланысты қандай-да бір шектеулері бар адамдарды қабылдау қалыптасқан.

Әлеуметтік жұмыс сөздігінде мүмкіндіктері шектеулі адам "ерекше тәндік немесе психикалық күйі немесе әлсіздігіне байланысты белгілі-бір міндеттер мен функцияларды орындауға қабілетсіз адам. Мұндай күй уақытша немесе созылмалы, жалпы немесе ішінара болуы мүмкін"[25, 270 б.] деп айқындалады.

Қазіргі уақытта Жер тұрғындарының әрбір оніншісінің, яғни **500 млн. астам адамның** тәндік, психикалық немесе сенсорлық кемшіліктеріне байланысты қандай-да бір шектеулері бар. Олардың ішінде кемінде **150 млн. бала**. Әрбір төртінші отбасы қандай-да бір себептерден мүгедектік проблемасына тап болады.

Мүгедектіктің өсуі әлемнің көптеген елдерінде өндірістік процестердің күрделенуіне, көлік ағындарының ұлғаюына, соғыс шиеленістеріне, экологиялық жағдайдың нашарлауына, зиянды әдеттердің (темекішегушілік, алкоголь, есірткі, токсикалық заттар тұтыну) мейлінше кең тарауына және басқа себептерге байланысты.

Дамыған өркениетті елдер мүмкіндіктері шектеулі адамдар санының өсуіне байланысты проблемаларды осы проблемаларды анықтаудың және шешудің ғылыми тәсілінің негізінде, материалдық-техникалық құралдарды, егжей-тегжейлі әзірленген заңды тетіктерді, жалпыұлттық және қоғамдық бағдарламаларды, мамандардың жоғары деңгейдегі кәсіби даярлығын және т.б. пайдалану арқылы шешуге тырысады.

Сөйте тұра, қолданылатын күштер мен медицинаның біршама алға жылжуына қарамастан, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың саны баяу, баяу болса да тұрақты түрде өсуде. Мысалы, арнайы оқытуды қажет ететін балалар жыл сайын **3-5%-ға** көбеюде.

Дамуында ерекшеліктері бар балалар үшін әртүрлі қызмет түрлерінде көптеген шектеулер бар. Олар дербес әрекет ете алмайды және үнемі үлкендердің сүйемелдеп жүруін қажет етеді. Олар әдеттегі балада бар кең байланыстардан, өзге қатарластарынан тәжірибе алу мүмкіндігінен айрылған. Олардың әртүрлі қызмет түрлеріне бейімделуі және дағдыларды меңгеру мүмкіндіктері өте шектеулі. Қоршаған ортаны меңгерудегі қиындықтар мұндай балаларда эмоционалдық проблемалардың (қорқыныш, алаңдаушылық және т.б.) туындауына алып келеді. Олар үшін әлем көбінесе қорқынышты әрі қауіпті болып көрінеді. Өз күйзелістерін білдіре алмауы, мысалы, ойында әдеттегі балалар сияқты білдіре алмауы, эмоциялық шиеленістің артуына алып келеді, оның салдарынан мінез-құлық проблемалары туындайды. Бұл баланың дамуына едәуір кедергі әкеледі. Сондай-ақ, баланың танымдық белсенділігі белсенділікке байланысты, ал дамуында ерекшелігі бар баланың өзіндік белсенділігі төмен екенін атап өту қажет. Оған би, жаттығу, шаңғы тебу, жаяу серуендеу және басқа да дене жүктемелерінің түрлері қажет, дәл осы жаттығулар баланың белсенділігінің жалпы деңгейін көтереді, организм тонусына жағымды ісер етеді, шығармашылық белсенділікке ықпалын тигізеді.

Шығармашылық – бұл жеке тұлғаға өзін қазіргі әлемде, әртүрлі өмір сүру жағдайларында өзін табысты жетілдірудің бірегей шарты. Балаларды шығармашылық қызметке мүмкіндігінше ерте баулыған абзал. Өзін шығармашылық қызметке баули отырып, адам өзгереді, жетіледі. Шығармашылық қызметке деген қабілеттілік, өз кезегінде, шығармашылық процесіне деген қызығушылықты қолдайтын ынта шақырады.

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі (ДМШ) балалардың қабілеттерін дамыту қалыпты болып табылады және оның дамуындағы бұзылуларға (дене бітіміндегі кемшіліктер, ақыл-ойының кемдігі) байланысты болмайды.

Дамуында ерекшелігі бар балаларды көркемсурет шығармашылығы құралдарымен әлеуметтендіру баланы қоршаған ортаны образды қабылдау және түсіну саласына тарту және араластыру процесі ретінде ұғынылады. Баланың қоршаған әлемді образды қабылдау және түсіну саласына тарту дәрежесі оны әлеуметтендірудің маңызды процестерінің бірі болып табылады, оның процесінде тиісті образды әсер ету арқылы оның өзіндік санасын дамыту фактісі аса маңызды мәнге ие болуда.

Бала шығармашылық қызметке қатыса отырып, нақты дағдыларға ие болу арқылы қызығушылықтан кәсіби өзін өзі айқындауға өтеді. ДМШ балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, олардың социумда табысты бейімделуі үшін жағдайлар жасаймыз.

Мұндай санаттағы балалармен жұмыс істеуде психолог-педагогтердің (У. Глассер, Р. Кэмпбелл, М. Максимов, В. Сатир және басқалары) ұсынымдарын есепке алу өте маңызды.

1. Әңгімені мақтаудан бастау.
2. Қателерге тек жанама түрде назар аудару.
3. Қателерді еске ала отырып, сынамау және ескертулер жасамау.
4. Балаларға өзгелердің алдында мәртебесін сақтау мүмкіндігін беру.
5. Бұйрық бермеу, оның орнына сұрақтар қою.
6. Әрбір жетістігі үшін мадақтау.
7. Балаларға жақсы бедел туғызу.
8. Кез келген қатені оңай жеңілетіндей етіп, балаларды үнемі мадақтау.
9. Бала сіз ұсынған әрекетті жасағанына қуануына қол жеткізу.

Қабілеттерді дамытудың басты шарты қандай? Міндетті, тұрақты шарттар ретінде – ақыл-ой қызметінен рахат алу, айқын көрінген жағымды эмоцияларды атауға болады. Баланың зияткерлік қызмет процесінің өзінен қуаныш табуы, қанағаттануы қажет. Егер олай болмаса және бала ақыл-ой қызметін кез келген басқа себеппен орындаса, мысалы, тыңдағаннан кейін, марапат алғысы келгеннен, жазаланудан қорыққаннан орындаса, онда бала мұндай жолмен білімді алғанымен, мұның қабілеттілікке ешқандай қатысы болмайды.

Балалар шығармашылығының өзіндік ерекшелігі бар. Көбінесе ол бағдарлық-зерттеушілік қызметтердің нәтижесі болып табылады. Онда баланың сөздерімен өзінің қоршаған ортаға көзқарасын, өзінің өміртанымын бейнелеуге ұмтылуы, суреттің мазмұнымен әңгімені, конструкцияларды және өзінің өзге де әсерлерін, күйзелістерін, түсініктерін және т.б. бергісі келетіні көрінеді.

Балалар шығармашылығы ойынмен тығыз байланысты, және олардың арасындағы айырма әрдайым ақтала бермейді, мақсатты бағыты салынады – шығармашылықта, жаңаны іздеу және ұғыну, әдетте, мақсат ретінде ойластырылған, ал ойын басынан-ақ оны көздемейді.

Осыған байланысты қосымша білім беру сабақтарын ұйымдастыруда бала конструктор, суретші сияқты әртүрлі рольдерді орындайтын ойынның бөлігі ретіндегі шығармашылық тапсырмаларды пайдалану керек.

Шығармашылық қызметке қатыса отырып, бала нақты дағдыларға ие болу арқылы қызығушылықтан кәсіби тұрғыда өзін-өзі айқындауға дейін жүріп өтуі мүмкін. Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қосымша білім беру социумға табысты бейімделуге жағдайлар жасайды.

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар - әлеуметтік әлсіз топ

Мүмкіндіктері шектеулі балалар – дене және (немесе) психикалық кемшіліктері бар, туа біткен, тұқым қуалаушылықпен берілген, науқастанудан немесе белгіленген тәртіппен зақым келтірген жарақаттану салдарынан өмір сүру әрекеттері шектелген балалар.

«Дамуында бұзылулары бар балалар» терминіне жалпы дамудың бұзылуына алып келетін дене және психикалық ауытқулары бар балалар жатқызылады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиетте арнайы білім беру жүйесіне жататын балалардың бірнеше ұғымы пайдаланылады.

Дамуында бұзылулары бар балалар – орталық нерв жүйесінің органикалық зақымдануы салдарынан және түрлі анализаторлар қызметінің (есту, көру, қимылдау, сөйлеу) бұзылуы салдарынан дене және психикалық дамуы жағынан артта қалған балалар. Дамуында ауытқулары бар балалар – жоғарыда тізбектелген ауытқулары бар балалар, бірақ олардың көріну дәрежесі дамуында бұзылулары бар балаларға қарағанда мүмкіндіктері ең төменгі дәрежеде шектелген.

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар – дамуында бұзылулары бар балаларға әлеуметтік жеңілдіктер мен жәрдемақыларды пайдалану мүмкіндігі ұсынылады. Мұндай балалар әрдайым мүгедек балалар деп аталды. Қазір психологиялық-педагогикалық әдебиетте де «проблемалы балалар» термині жиі пайдаланылады.

Мұндай бұзылулардың педагогикалық жіктемесінің негізінде дамуында бұзылулары бар балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерінің сипаты мен бұзылу дәрежесі жатыр.

Дамуында бұзылулары бар балалардың мынадай санаттары ажыратылады:

- 1) есту қабілеті бұзылған балалар (естімейтін, нашар еститін, кейіннен саңырау болып қалған);
- 2) көру қабілеті бұзылған балалар (көзі көрмейтін, нашар көретін);
- 3) сөйлеу қабілеті бұзылған балалар;
- 4) интеллектісі бұзылған балалар (ақыл-ойы кем балалар);

- 5) психикалық дамуы кенжелеп қалған балалар (ПДК);
- 6) тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар;
- 7) эмоциялық еркі жағынан бұзылған балалар;
- 8) көптеген бұзылулары бар балалар (2 немесе 3 бұзылу қосылған).

Мүмкіндіктері шектелген адамдарда аурудың, дамудағы ауытқулардың немесе кемшіліктердің, денсаулық жағдайының, сыртқы келбетінің нәтижесінде, сыртқы ортаның олардың ерекше мұқтаждықтарына бейімделмеуі салдарынан, қоғамның мүгедектерге қатысты көзқарастары салдарынан функционалдық қиындықтары бар.

Мүмкіндіктердің шектелуіне адамдардың қазіргі көзқарасы патологиялық күй ретінде түсінуінде емес, дене бітімінің, организм функцияларының бұзылуы кезінде немесе қоршаған ортаның жағдайлары адамның белсенділігін төмендететін және оның әлеуметтік қызметін қиындататын процес ретінде түсінуіне негізделеді. Шектелген мүмкіндіктердің себебі нақты балаға, жасөспірімге немесе үлкен кісіге қажетті білім беру бағдарламаларының, медициналық және әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің жетіспеушілігі немесе жетілдірілмеуі болуы мүмкін.

Өмір сүру мүмкіндіктері шектеулі адамға қатысты қоғамның санасындағы модельдер.

Адамзат өркениетінің даму тарихында қоғамның өмір сүру мүмкіндіктері шектеулі балаларға көзқарасы олармен қарым-қатынас нысанында, мәнерінде байқалды.

«*Ауру адам*» мүмкіндіктері шектеулі адам моделіне сәйкес – науқас адамдар. Бұл адамды емдеу объектісі ретінде қабылдауды білдіреді.

Бұл адамдарға медициналық қызмет көрсетудің маңыздылығын жоққа шығармай, білім беру өрісінің контекстінде шектелген мүмкіндіктер табиғаты оқыту мен әлеуметтендірудегі қиындықтарға байланысты екенін көре білу керек.

Сондықтан мұндай адамдарға арналған білім беру бағдарламалары күтім мен емдеуді қалай көздесе, оқыту мен дамытуды да солай көздеуі тиіс.

«*Дамымаған адам*» моделі. Дамуында ауытқулары бар бұл модельдегі адам өз деңгейі бойынша жануарға жақын, толық емес тірі организм ретінде қарастырылады. Мұның салдарында мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қатысты адамгершілікке жатпайтын өмір сүру жағдайларын жасау және адамгершілікке жатпайтын көзқарасты қолдану орын алды.

«*Қоғам үшін қауіпті*» моделі. Дамуында ауытқулары бар адамдардың кейбір санаттары (ақыл-ойы кем, естімейтін, психикалық бұзылулары бар адамдар) қоғамға қауіп төндіреді деген түсінік те болды. Қараңғылықтан бұл адамдар ауру көздері болып қана қоймай, сонымен қатар «дуалау», «бақытсыздық әкелу», материалдық және моральдық тұрғыдан шығын әкелудің көздері болуы мүмкін деген пікір туындады. Осының салдарынан қоғам өзін осындай әлеуетті «қауіптен» қорғау үшін көбіне қоғамнан алыстатылған жерлерде, кейде оларды қатаң тәртіпте ұстаумен интернаттар, жабық оқшаулағыш мекемелер құра отырып, шаралар қабылдады. Бұл

жағдайда балалар оқытылған жоқ не оқу жеткіліксіз болды.

«*Аяушылық объектісі*» моделі. Бұл модель жеке тұлғаның дамуына, оның өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуына күшті әсер етеді. Бұл модельдің шеңберінде мүмкіндіктері шектеулі адамға өмір бақи бала жасында қалатын, ешқашан өспейтін кішкентай балаға қарағандай қарайды. Мұндай модельдегі басты міндет мүмкіндігі шектеулі адамды білім беру және дамытудағы көмекпен қамтамасыз етудің орнына, «жаман» қоршаған әлемнен оны қоғамнан оқшаулау, қолайлы өмір сүру жағдайларын жасау арқылы қорғау байқалады.

«*Ауыртпалықты қайырымдылық объектісі*» моделі. Әлемнің бірқатар елдеріндегі күрделі экономикалық жағдайлар мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қатысты тұрақты қолайлы экономикалық саясатты ұстануға мүмкіндік береді. Оларды ұстауға жұмсалатын шығындар экономикалық салмақ ретінде қарастырылады және оларға көрсетілетін көмектің мөлшерлерін қысқарту арқылы азайтуға тырысады.

«*Дамыту*» моделі. Бұл модель мүмкіндіктері шектеулі адамдарда білім алу және даму қабілеттерінің болуын көздейді. Бұл модельге сәйкес қоғам мүмкіндіктері шектеулі баланың барынша толық дамуы үшін жауапты; қоғамның міндетіне осындай балаларды дамыту үшін және түзетушілік-педагогикалық көмек көрсету үшін қолайлы жағдайлар туғызу кіреді. Мүмкіндіктері шектеулі адам осы модельге сәйкес қоғамның қалған барлық мүшелері ие құқықтар мен басымдықтарға ие болады: өмір сүру, оқу, өзі тұратын жерлерде жұмыс істеу, өз үйінде тұру, достар таңдай алу және олармен достық қатынаста болу құқығы, қоғамның қалаулы мүшесі болу құқығы.

Арнайы білім берудің дамуына жүргізілген талдау ХХ жүзжылдықтың 90-шы жылдары денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды интеграциялап оқыту идеясын ұсыну басымды бағытқа ие болғанын көрсетеді.

Білім беру жүйесінде интеграция денсаулық мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін баламаны (яғни таңдауды) мейлінше аз шектейтін мүмкіндікті білдіреді: білімді арнайы (үйлестірілген) білім беру мекемесінде алу немесе білім беру мекемесінде бірдей мүмкіндіктермен алу. Интеграция тұжырымдамасы денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға жаппай білім беру мектебі жағдайында оқуға мүмкіндік берді.

Инклюзивтік (қосылған) білім беру – денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға жалпы білім беру процесін сипаттау үшін пайдаланылатын термин.

Инклюзивтік білім беру (фр. *Inclusif* – өзіне қосу, лат. *Include* - бекітемін, қосамын) — барлығы үшін, барлық балалардың түрлі мұқтаждықтарына бейімделуге қатысты, білім алуға қолжетімділікті білдіретін жалпы білім беруді дамыту процесі, бұл ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Оның негізіне оқушыларды қандай-да бір кемсітуге жол берілмейтін, сонымен қатар оларға ерекше жағдайлар туғызатын идеология жатыр. Бұл теория барлық балалар толыққанды оқи алатынын, ал оларды өзгелерден

ажырататын ерекшеліктері сыйлауға лайық екендігін мойындайды.

Л.С. Выготский де денсаулық мүмкіндіктері шектеулі баланы дамуы қалыпты балалар қоғамынан бөлмейтін, осындай оқыту жүйесін құру қажеттігін атап көрсеткен болатын. Ол дамуында бұзылуы бар баланы тәрбиелеу міндеттері оны социум өміріне қосу және оның кемшілігін қандайда бір басқа жолмен толтыруды жүзеге асыру болып табылады (22).

Инклюзивтік білім беру балаларға бағытталған және барлық балалар – оқытудағы түрлі қажеттіліктерімен жеке адамдар екенін мойындайтын әдіснаманы дамытуға тырысады.

Инклюзивтік білім беру оқытудағы түрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін барынша икемді болатын, сабақ беру және оқыту тәсілін әзірлеуге тырысады. Сабақ беру мен оқыту инклюзивтік білім енгізетін өзгертулердің нәтижесінде аса тиімді болады, онда тек ерекше қажеттіліктері бар балалар ғана емес, барлық балалар жеңіске жетеді.

Инклюзивтік білім берудің сегіз қағидаты:

адамның құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты емес;

әрбір адам сезінуге және ойлауға қабілетті;

әрбір адам қарым-қатынасқа және өз сөзін тыңдатуға құқылы;

барлық адамдар бір-біріне қажет;

нағыз білім тек нақты өзара қарым-қатынас контексінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін;

барлық адамдар қолдауды және қатарластарының достығын қажет етеді;

барлық білім алушылар үшін прогреске қол жеткізу олардың қолынан келетін әрекеттерде мүмкін;

әртүрлілік адам өмірінің барлық жақтарын күшейтеді.

Осылайша, инклюзия – бұл әрбір адам үшін қолжетімді білім беру ұйымдарында барынша қолжетімді білім беруді дамыту процесі, оқыту процестерін барлық оқушылар үшін баламалы мақсаттар қоя отырып, қалыптастыру, әрбір оқушыны барынша қолдау үшін әртүрлі кедергілерді жою және оның әлеуетін барынша ашу процесі.

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивтік білім беру: шетел тәжірибесі

Білім беру жүйесінде денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың бірдей құқықтарын іске асырудың бастамашысы Біріккен Ұлттар Ұйымы болып табылады, ол мемлекеттер мен үкіметтердің назарын осы санаттағы балалардың сапалы әрі қолжетімді білім алу құқықтарын қамтамасыз ету мәселелеріне бұрады.

1948 жылдан бастап білім алуға жалпыға ортақ қол жеткізуді қамтамасыз етуге арналған, нормативтік база болып табылатын бірқатар халықаралық заңнамалық құжаттар қабылданды. Алайда, денсаулық мүмкіндіктері

шектеулі баланың білім алуға құқығы жайлы айтылған бұрынғы бастамаларда олардың қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін қанағаттандыру және дамыту туралы мәселе, жалпы алғанда, символикалық қағидат ретінде қарастырылды.

Әлемнің бірқатар елдерінде, шамамен 1970-ші жалдардан бастап мүгедектердің білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ететін нормативтік актілер пакеті әзірленіп, енгізіле бастады. АҚШ пен Еуропаның қазіргі білім беру саясатында бірнеше тәсіл дамыды, оның ішінде: білім алуға қолжетімділікті кеңейту {widening participation), мейнстриминг {mainstreaming), интеграция, инклюзия, яғни қосу (inclusion). Мейнстриминг мүгедек оқушылардың мерекелерде, әртүрлі демалыс бағдарламаларында өз қатарластарымен араласуын болжамдайды; олардың жалпы мектеп сыныптарына қосылуы, ең алдымен, білім беру мақсаттарына қол жеткізу үшін емес, әлеуметтік байланыстар мүмкіндігін кеңейту үшін. Интеграция психикалық және дене бұзылулары бар қажеттіліктерін тұтастай алғанда өзгеріссіз қалған, оларға бейімделмеген білім беру жүйесіне сәйкестендіруді білдіреді; мүгедек балалар көпшілік мектепке барады, бірақ олардың қалған балалар оқитын сыныптарда оқуы міндетті емес. "Қосу", немесе "инклюзия" – ол былайша түсінілетін барынша сай термин: мектептерді реформалау және оқу үй-жайларын балалардың барлығының бірдей мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыра алатындай етіп, қайта жоспарлау.

Бастауыш, негізгі, орта және жоғары білім беру саласында мүгедектігі бар балалар, жастар мен үлкендер үшін бірдей мүмкіндіктерді айқындаудың маңызды құқықтық құжаты 1993 жылғы 20 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған «Мүгедектер үшін бірдей мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандартты қағидалары» болып табылды. 6-қағида мемлекеттерді «арнайы оқыту мекемелерін жалпы білім беру жүйесіне біртіндеп біріктіруге тырысуға» шақырады.

[http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/disabled_ch2.shtml#a6].

1994 жылы Испанияда (Саламанка қ.) өткен, ерекше қажеттіліктері бар тұлғалардың білімі жөніндегі Дүниежүзілік конференция әлемдік педагогикалық қоғамдастық үшін жарқын оқиғаға айналды. 92 үкімет пен 25 халықаралық ұйым өкілдері қабылдаған «Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру саласындағы қағидаттар, саясат және практикалық қызмет туралы Саламанка декларациясы» негіз қалаушы халықаралық құжаттардың бірі болып табылады. Педагогикаға «инклюзия» термині енгізілді және инклюзивтік білім беру қағидаты жарияланды. Бұл құжаттың құндылығы онда инклюзивтік білім беру саласында заңнамалық бастамаларды ұсыну және ілгерілету қағидаттарының болуында. Инклюзивтік білім беру денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды әдеттегі білім беру мекемесіне белсенді қосу мен қатыстыруды ғана көздеп қоймайды, сонымен қатар балалардың барлық санаттары үшін білім алу қажеттіліктерін іске асыруға арналған жағдайлар туғызу мақсатында жаппай білім беру жүйесін және оқу-тәрбиелеу процесін қайта құруды көздейді.

Кейіннен қабылданған Дакар негіздемелік іс-қимылдар

тұжырымдамасы (Dakar Framework for Action), Білім беруде мыңжылдықтарды дамыту мақсаттары (Millennium Development Goals on Education) 2015 жылға қарай барлық адамдарды білім берумен қамтамасыз етуге бағытталған барынша толық әрі заманауи тәсілді болжайды.

Зерттеулер көрсеткеніндей, денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивтік білім беру әлемнің әртүрлі елдерінде олардың әлеуметтік-мәдени және саяси ерекшеліктері ескеріле отырып, іске асырылуда. Барлық елдер үшін ортақ нәрсе тарихи даму процесінде денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беру жүйесі балаларды «жалпыға ортақ дегенерация қаупі» ретінде қабылдамау және оқшаулау позициясынан инклюзия позициясына дейінгі жолдан өткені туралы ереже болып табылады. Бірінші кезекте, бұл қоғамның адамдарға, әсіресе, денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға көзқарасы бойынша идеологиясын қайта бағдарлауына негізделеді, оның құжаттамалық куәсі 18 ғасырдан бастап-ақ балалардың осы санатының білім алу құқығын қамтамасыз ететін бірқатар заңнамалық актілерді қабылдау болып табылады.

Қазіргі кезеңде арнайы мектептер мен интернаттар сегрегациялық деп танылуда. Осыған байланысты ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім беру жүйесін «жалпы ағынға қосу» типі бойынша немесе интеграция типі бойынша даму үстінде. ЮНЕСКО сарапшылары арнайы білім беру жөніндегі кеңесте (1980): «ең бастысы – мүгедектерді қоғамға барынша біріктіруге жәрдем көрсету. Олай болмаған жағдайда жағымсыз құбылыстар мен психологиялық кедергілер пайда болады» деп нақтылады. Мүгедектерге арналған кедергісіз әлем туралы, проблемалы балаларды жалпы білім беру мекемелеріне интеграциялау туралы идеялармен жасақталған қоғам, арнайы мектептерді қысқарту және білім алушылардың көптеген бөлігін жалпы білім беру ортасына көшіру, бұрын оқытылмаған, ақыл-ойы өте кем балалар үшін сыныптар ашу үшін күш салуда.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алуға деген бірдей құқықтарын іске асыру үшін және оларды әлеуметтік тұрғыда бейімдеу үшін балалардың ерекше қажеттіліктерін есепке ала отырып, жағдайлар жасалуда, арнайы біліммен қатар инклюзивтік білім беру саясаты да іске асырылуда.

Өмірге инклюзия идеясын енгізу тұтас әлемде қазіргі мемлекеттік білім беру саясатының стратегиялық міндеті болып табылады.

«Бала құқығы туралы» конвенция (1989) ақыл-ой немесе денесіне қатысты толыққанды емес баланың ерекше қамқорлыққа, білім алуға қолжетімділікті қаматамасыз етуге, еңбек қызметіне кәсіби дайындыққа, медициналық қызмет көрсетуге, денсаулығын қалпына келтіруге және т.с.с. құқығын айқындайды.

Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру саласындағы қағидаттар, саясат және практикалық қызмет туралы Саламанка декларациясына сәйкес (Саламанка, Испания, 1994 ж. 7-10 маусым):

әрбір баланың білім алуға негізгі құқығы бар, қолданылатын білім деңгейін алу және ұстап тұру мүмкіндігіне ие болуы тиіс;

әрбір баланың бірегей ерекшеліктері, қызығушылықтары, қабілеттері және оқу қажеттіліктері болады;

осы ерекшеліктер мен қажеттіліктердің мейлінше әртүрлілігін қабылдау үшін білім беру жүйесін әзірлеу қажет және білім беру бағдарламаларын орындау қажет;

білім беру саласында ерекше қажеттіліктері бар адамдардың әдеттегі мектептерде оқуға қолжетімділігі болуы тиіс;

әдеттегі мектептер оларға осы қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында, ең алдымен, балаларға педагогикалық әдістердің негізінде жағдай туғызуы тиіс.

Осылайша, осындай инклюзивтік бағыттағы әдеттегі мектептер кемсітушілік көзқарастармен күресудің, қолайлы атмосфера жасаудың, инклюзивтік қоғам құрудың және барлығы үшін білім берумен қамтамасыз етудің барынша тиімді құралы болып табылады; оның үстіне, олар көптеген балалар үшін нақты білімді қамтамасыз етеді.

Қазақстандағы инклюзивтік білім беру

Инклюзивтік білім беру – тиісті білім беру оқыту бағдарламаларына өзге білім алушылар санаттарымен бірге тең қолжетімділікті, арнайы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы дамытудың түзетушілік-педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік қолдауын көздейдін, мүмкіндіктері шектеулі адамдарды бірлесе оқыту мен тәрбиелеу (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (14.01.2014 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен).

Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (ПМПК) 01.01.2014 ж. жағдайдағы деректері бойынша елімізде мүмкіндіктері шектеулі **138 513** бала тіркелген, бұл елдегі барлық балалардың **2,8%**-ын құрайды. Білім беру жүйесінде арнайы білім беру оқыту бағдарламалары бойынша мектеп жасындағы **62130** (66,2%) бала оқиды. Үйде оқытылатындар **8387** (8,9%) бала.

Бұл саладағы жұмыс бағыттарының бірі республика мектептерінде инклюзивтік білім беру – жалпы мектептерде өзге қатарластарымен бірге мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту жүйесін енгізу процесін бастау болып табылады. 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білімі беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2020 жылға қарай инклюзивтік білім беру үшін жағдайлар жасайтын мектептердің үлесін олардың жалпы санының 70% дейін ұлғайту жоспарлануда.

Еліміздегі білім беру жүйесін ізгілендіру қажеттіліктері **қосымша білім беру жүйесінде** озық педагогикалық практиканы іздеуді белсендендіреді.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту үшін, олардың өмірдегі және кәсіби өзін өзі айқындауына ықпал ететін жағдайлар туғызу балаларға қосымша білім беру жүйесінің маңызды бағыты болып табылады.

Балаларға қосымша білім беру жүйесі әлеуметтік-педагогикалық қызмет, көпқырлы жеке тұлғаны дамыту және тәрбиелеу, оның қажеттіліктерін, мүдделерін, шығармашылыққа ұмтылысын қанағаттандыру тұрғысынан тамаша мүмкіндіктерге ие, баланың тұлғасына қалыптастырудың, оның өз шығармашылық әлеуетін ашуының, іске асыру мүмкіндігінің маңызды факторы болып табылады.

Білім беру қызметтерінің кең спектрі, қызметтің қатаң тәртіптерінің болмауы, білім беру процесіне қатысушылардың адамгершілік өзара әрекеті балаларға қосымша білім беруді ұйымдастырудың басты жетістіктері болып табылады. Бұл, өз кезегінде, білім алушылардың да, сол сияқты өз жұмысында педагогика ғылымының жаңа жетістіктерін сынақтан өткізе алатын педагогтің өзінің де шығармашылық белсенділігін ашып көрсету және дамыту үшін барынша қолайлы атмосфера туғызады.

Әртүрлі тәсілдермен балалардың рухани мәдениетін қалыптастыруға, музыкалық-эстетикалық талғамын тәрбиелеуге, шығармашылық дамуын белсендіруге бағытталған балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталықтары, үйірмелер, студиялардың қосымша білім беруде өз орны бар.

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік оңалту бойынша қосымша білім беруді ұйымдастырудың міндеттері

Балалық шақтың көптеген проблемаларының ішінде арнайы дайындықсыз қолжетімді әлемнің шекараларын кеңейте алмайтын, өркениеттің бүгінгі жетістіктеріне ілесе алмайтын, алдында күтіп тұрған үлкендер өмірінде орнын таба алмайтын мүгедек балалар проблемасы өте өзекті болып отыр. ДМШ бар балалар мәдени-ағарту орталықтарының алыстығынан, ата-аналарының жұмысбастылығынан, көлік инфрақұрылымы, социум проблемалары салдарынан білім берудің демалыс ұйымдарына бара алмайды. Осыған байланысты, балалардың бұл санаты көркемсурет, музыка мектептерінде, техникалық шығармашылық станцияларында, экология және туризм мектептерінде қосымша білім ала алмайды, кәсіпке оқу мүмкіндіктері жоқ.

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды инклюзивтік оқыту, әсіресе, ауылдық жерлердегі шағын жинақты мектептер жағдайында оқыту қажеттігін нұсқайтын бірқатар мәселелер бар.

Дегенмен, кейбір білім беру және қоғамдық ұйымдар жұмысының практикасы денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар драмалық, би үйірмелерінде және спорт секцияларында айналысуға, конкурстар мен олимпиадаларға қатысуға, өздерін кескіндеме мен музыкада өздерін танытуға қабілетті екенін көрсетеді. Бұл жағдайларда денсаулық мүмкіндіктері шектеулі оқушылар толыққанды болмауды, психологиялық қолайсыздықты аз сезінеді, нәтижесінде қоғамға оңай бірігеді. Осылайша, мемлекеттік қосымша білім беру жүйесін денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмысқа

бағыттау қажеттігі туды.

«Қосымша білім беру демалыс және жеке білім беру бағдарламаларын іске асыру арқылы мектепте білім берудің шектелмелілігінің орнын толтырады, әрбір балаға өзінің жеке танымдық, эстетикалық және шығармашылық сұраныстарын қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Қосымша білім беру білім алушылардың шығармашылық мүмкіндіктері мен шығармашылық әлеуеті туралы білімді кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар таңдап алынған қызмет саласында табысқа жету мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сонысымен жеке тұлғаның кез келген қызмет саласында табысқа жетуі үшін маңызды қасиеттерді дамытуға ықпал етеді, жалпы мүдделер, жалпы құндылықтардың негізінде қарым-қатынас ортасын құрады» (14, с. 37).

Бұл анықтамада автор мүгедек балалар тәрбиелеу мен білім беру тұрғысынан бастан кешітерін негізгі қажеттіліктерді атап көрсетті. Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі баланың жеке тұлғасы, оның қажеттіліктері мен мүдделері жекелеген функцияларды түзетуді емес, балаға деген толыққанды көзқарасты іске асыруды, оның барлық әлеуетті мүмкіндіктерін: дербес және толыққанды өмір сүруі үшін қажетті дене және психикалық мүмкіндіктерін көздейтін тәрбиелеу және білім беру процесінің ортасында болуы тиіс.

Мақсат қою баланың, оның ата-анасының қажеттіліктерімен айқындалады, сондықтан қосымша білім берудің нақты практикалық мақсаттары уақытқа байланысты көпқырлы, жылжымалы, өзгермелі, жағдайларға, ахуалдарға және күтілетін нәтижелерге байланысты.

Қосымша білім беру ұйымы жұмысының талдауы, отбасының, мектептің, қосымша білім беру ұйымның және басқа әлеуметтік институттардың әлеуметтік өзара іс-қимылдарының, баланың жеке тұлғасын дамыту бойынша білім беру ұйымдары түрлерінің практикалық қызметі тәжірибесінің серпіні, бірқатар шешілмеген проблемалардың бар екенін атап айтуға мүмкіндік береді.

ДМШ балаларды түзетудегі қосымша білім беру ұйымдарының ролі айқындалмаған; Балаларға қосымша білім беру жағдайларында ДМШ бар баланың түзету-дамыту процесіне қатысушылардың педагогикалық ынтымақтастығының тұжырымдамалық моделі жоқ.

Проблеманы жаңа әлеуметтік жағдайларда орын алған, тиімді әрі жедел шешуді қажет ететін:

қазіргі әлеуметтік жағдай денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаға ұсынатын талаптар мен оның дәстүрлі оқыту жүйесінен тыс өзін дамыту мүмкіндіктері арасындағы;

ДМШ бар бала тәрбиелеп отырған отбасының үйлестіру-дамыту көмегіне деген қажеттіліктері мен бұл жұмыстың арнайы білім беру жүйесінен тыс, баланың түзету процесінің басқа субъектілерімен (отбасының, қосымша білім беру ұйымдарының, қоғамдық ұйымдардың және т.б.) ынтымақтастығын (өзара іс-қимылын) көздейтін, сынақтан өткен жүйенің болмауы арасындағы;

Өнердің әлеуметтік-педагогикалық мүмкіндіктері мен оның мектептен

тыс қызметте ДМШ бар балалармен компенсаторлық-түзету жұмысында нашар пайдаланылуы арасындағы қайшылықтар кешені шиеленістіре түседі.

Инклюзивтік білім берудің қағидаттарын іске асыруда қосымша білім беру мүмкіндіктері шексіз.

Балаларға қосымша білім беру бағдарламалары баланың жеке тұлғасы мен шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған, кейде балалардың таланттарының әртүрлілігі арқылы қол жеткізілетін ұжымдық нәтиже.

Қосымша білім берудегі инклюзия проблемалары.

Бірінші күрделі тақырып – бұл қолжетімділік. Арнайы білім беру жағдайларын құру – мүгедектігі бар балаларға бағытталған мемлекеттік кепілдік. Бірақ инклюзивтік білім беру проблемасы жергілікті жерде шешіле алмайды: мүгедектігі бар балалар үшін жақсы жағдайлар жасау мүмкін емес және басқа балалар үшін бай әрі әртүрлі білім беру ортасын құру мүмкін емес.

Инклюзивтік білім беру қағидаты білім алушылардың қажеттіліктерінің әртүрлілігіне көптеген жағдайлар сәйкес келуі тиіс, оның ішінде аз шектейтін және көп мүмкіндік беретін білім беру ортасы сәйкес келуі тиіс екеніндігінен тұратынын атап көрсетеміз. Дәл осы қосымша білім беру ұйымында денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды белсенді әлеуметтік-мәдени кеңістікке тартатын, әрбір бала өзін өзі көрсету мүмкіндіктері мен құралдарына ие болатын, және, тиісінше, әлеуметтік тәжірибе алатын осындай білім беру ортасы құрылуы мүмкін.

Бұл қандай-да бір ортаға кіруге, оның ішінде жылжуға, онымен қарым-қатынасқа түсуге немесе өзге жағдайда пайдалануға мүмкіндік беретін таңдау еркіндігі. Білім алуға қолжетімділік көрсеткіштерінің бірі нақты бір шағын ауданда тұратын балалар үшін қосымша білім беру қызметтерінің аумақтық қолжетімділігі болып табылады. Бұл шешілуі тиіс және педагогтердің дайындығын талап ететін ең маңызды міндет.

Ғалымдар ортаға қолжетімділік дәрежесін бағалаудың критерийлерін әзірледі:

- а) бағдар: сізде қажетті ақпарат бар ма?
- б) тәуелсіздік: сіз істегіңіз келгенді таңдап аласыз ба?
- в) ұтқырлық: сіз барғыңыз келген жерге бара аласыз ба?
- г) уақыт өткізу: сіз қалаған уақытыңызда бір нәрсемен айналыса аласыз ба?
- д) әлеуметтік интеграция: сізді басқалар қабылдай ма?
- е) қаржылық өзін-өзі қамтамасыз ету: сізде қажетті қаражат бар ма?
- ж) өзгеру: сіз өзгеруге дайынсыз ба?

Тізбектелген критерийлер барлық адамдар үшін, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін бірдей мүмкіндіктермен қамтамасыз етудің мақсатты көрсеткіштерін айқындайды.

Басқа мәселе: педагогтердің мүгедектігі бар балалармен жұмыс істеуге дайындығы.

Қосымша білім беру педагогі мектеп мұғалімі сияқты үйлестіру педагогикасы мен арнайы психология саласында арнайы дайындығы

болмайды, «ерекше» балалармен жұмыс істеуде кәсіби тәжірибесі болмайды. Осының бәрі денсаулық мүмкіндіктері шектеулі баланы топқа немесе шығармашылық ұжымға қосуға сенімсіздік пен қаламаушылығын туғызады. Педагог арнайы білімді, психологиялық және әдістемелік қолдауды, осындай маңызды тәжірибесі бар әріптестерімен үнемі кәсіби тұрғыда араласуды қажет етеді.

Шетел ғалымдары инклюзиядан өткен педагог басынан кешіретін түрлену тәжірибесі туралы әңгімелейді. Олардың кәсіби позициясы – өзіне педагог ретінде, балаға жеке тұлға ретінде, педагогикалық қызмет мақсаттарына даму мүмкіндіктері ретінде көзқарасын өзгерту арқылы айтарлықтай өзгереді.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінде білім алатын, ДМШ бар балалардың статистикалық деректері туралы деректер жоқ.

Күрделі кемшілігі бар, психикалық дамуы айтарлықтай бұзылған балалар қосымша білімді тек жекелеген жағдайларда, оның үстіне 18 жасқа дейін ғана ала алады.

Қосымша білім беруде мүгедектігі мен денсаулық мүмкіндіктері шектеулі бар балалармен жұмыс істеудің орны, мазмұны және әдістемесі айқындалмаған. Сонымен қатар, олар үшін қосымша білім беру демалыс қызметін байыту құралы емес, көбіне әлеуметтенудің бірден бір институты болып табылады. Оның үстіне, қосымша білім берудің ДМШ бар адамдардың кәсіби бағытындағы айтарлықтай әлеуеті бар, сондай-ақ олардың табысты әлеуметтенуі факторы ретінде кейіннен кәсіби оқытуға дайындығында.

Бұл проблемаларды шешу тәсілдері әртүрлі болуы мүмкін. Ең алдымен, қажеттіліктер болған жағдайда, балалардың кәсіби бағытының бағдарламаларын іске асыратын қосымша білім беру ұйымдарына қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет. Одан басқа, мұндай бағдарламаларды іске асыруда қосымша білім беру ұйымдарына консультативтік, әдістемелік, психологиялық, ұйымдастырушылық көмек көрсету маңызды. Педагогтерге интеграцияланған білім берудің нормативтік құқықтық базасын, осы проблемаға қатысты терминологиялық сөздікті, интеграцияланған білім берудің жалпы ережелерін және ДМШ бар балалардың ерекшеліктерін білу қажет.

Қосымша білім беру баланың шығармашылық мүмкіндіктері туралы танымдарын және оның шығармашылық әлеуетін айтарлықтай кеңейтеді, таңдап алынған қызмет саласында одан әрі табысты қамтамасыз етеді, қарым-қатынас ортасын қалыптастырады, шығармашылық қызметке баланы ғана емес, сонымен қатар оның жақын айналасын тартуға ықпал етеді.

Бүгінгі күні ашық, ізгілік бағыттағы, социумның себептері мен қажеттіліктерінің әртүрлілігіне шапшаң әрі ұтқыр ден қоя алатын, ең бастысы, тәрбиеленушілердің қабілеттері мен мүмкіндіктеріне бағытталған, мүгедек балалармен жұмыс істеуде өте бағалы болып табылатын қосымша білім беру ролі өз бағасын алмаған.

Қосымша білім берудің компенсаторлық-үйлестіру функциясының мәні

әрбір баланың қандай да бір қызметте және жалпы дамуда оңтайлы алға жылжуы үшін жағдайлар туғызудан тұрады. Ол баланың дене немесе психикалық күйіндегі кемшіліктерді жоюға байланысты емес, оның өмір сүру ортасын, қарым-қатынас ортасын үйлестіруге, оны жаңа құралдармен жаңа қатынастарға, жаңа қызметке қосуға байланысты.

Қосымша білім беру денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту факторы ретінде

Қазіргі уақытқа өте тән ерекшеліктердің бірі білім беру қызметтері нарығында білімге өз бетімен қол жеткізетін және соның негізінде жаңа білімдер туғызатын шығармашыл тұлғаларға деген сұраныстың артуы болып отыр.

Қазіргі экономикалық жағдайларда қолданыстағы орта білім беру жүйесі бұл әлеуметтік тапсырысты тиісті дәрежеде іске асыруға дәрменсіз, себебі нарық мектеп бітірушілерге қойылатын талаптарды үнемі арттырып қана қоймай, сонымен қатар өзгертеді де. Сондықтан аталған проблеманың міндеттерін іске асыруда маңызды роль қызметінің ерекшелігі шығармашылық қызметтің көптеген түрлері мен нысандарын еркін таңдаудың негізінде білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жәрдемдесуге мүмкіндік беретін, қосымша білім беру ұйымдарына тиесілі.

Балаларға қосымша білім беру жүйесі қызметтің әр түрінде және білімдер саласында баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін кең мүмкіндіктер ұсынады. Қосымша білім беру тәрбиелеуді, оқытуды және дамытуды ортақ процеске дұрыс біріктіреді.

Қосымша білім беру бейресми білім беру процесі жағдайларында жеке тұлғаның әртүрлі, көбіне бірегей танымдық мүдделерін қанағаттандыруға, оны жеке дамудың сапалы жаңа деңгейіне көтеруге, өзін өзі дамытуға және өзін өзі тәрбиелеуге көптеген жолдар ашуға мүмкіндік беретіндіктен, шығармашылық қабілеттерді дамыту бойынша бай әлеуметтік-педагогикалық мүмкіндіктерге ие. Ол білім алушылардың шығармашылықты тануына, олардың қабілеттерін дамытуға және социумға қосылуына бейімделуін қалыптастыруға көмектеседі.

Балаларға қосымша білім беру олардың танымдық, шығармашылық қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне құрылғандықтан баланың өз даралығын табуына үлкен мүмкіндіктер береді. Ол тәрбиелеуді, оқытуды және танымдық қызығушылықтарды дамытуды, жеке тұлғаны әлеуметтендіруге ықпал ететін және баланың қызмет түрлерін еркін таңдап алуына сүйенетін оның шығармашылық әлеуетін дамытуды біріктіретін білім беру типін білдіреді.

Қосымша білім беру қатал білім беру стандарттарының болмауымен, тәрбиелеу процесінің даралығымен, бала қандай жетістікте болса да, сабақтарға ынтасымен қатысуына педагогтың мүдделілігімен ерекшеленеді.

Қосымша білім беру саласы әлеуметтік-педагогикалық қызмет тұрғысынан бірегей мүмкіндіктерге ие. Қосымша білім беру ұйымдары баланы қалыптастырудың, оның жеке шығармашылық әлеуетін ашудың, іске асыру мүмкіндіктерінің маңызды факторы болып табылады.

Қосымша білім беру жағдайларында әр баланың әртүрлі қызмет түрлеріндегі бейімділігі ескеріле отырып, өміршеңдік тәжірибесін байыту қамтамасыз етілуі мүмкін, себебі ол:

балаға білім беру кеңістігіне енуге қатысты еркін шешім қабылдауды ұсынады;

қызметті рухани қалауынша таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

қатарластарымен және үлкендермен диалогтық қарым-қатынасты қамтамасыз етеді.

Мұның нәтижесі балалардың өзін өзі толығымен көрсетуінен және өзін өзі дамытуынан, олардың шығармашылық әлеуетін арттырудан көрінеді.

Бейнелеу қызметінің құралдарымен нашар еститін балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту (Ақмола облысы Көкшетау қ. балалар көркемсурет мектебі)

2004 жылдан бастап Көкшетау қ. Балалар көркемсурет мектебінде нашар еститін балаларға арналған мамандандырылған сынып жұмыс істейді. Білім беру міндеттері жоғары біліктілік дәрежесіндегі педагог Н.А.Булгакова әзірлеген «Нашар еститін балаларды арттерапевтік технологиялар элементтері бар бейнелеу қызметіне оқыту» оқу бағдарламасы бойынша шешіледі.

Авторлық оқу бағдарламасын Көкшетау қ. Білім басқармасы бекіткен (21.12.2004 ж. №336 бұйрық) және одан әрі нашар еститін балаларды оқыту үшін енгізуге Ақмола облысының Білім беру департаменті ұсынады (22.02.2005 ж. №07480 бұйрық). 2011 жылы аталмыш авторлық бағдарлама Республикалық балалар пленэр-шебер-класында сынақтан өткізілді.

Бейнелеу қызметі есту қабілеті төмен балаларға өз ойларын сөзсіз білдіруге мүмкіндік береді. Бейнелеу қызметі өнімдерін (сурет салу, рисование, мүсіндеу, сәндік-қолданбалы өнер) пайдалану баланың әсерленушілігі мен қиялдарына ден қоюды жеңілдетеді, мінез-құлықты өзгертуге ықпал етеді және бастамашылдықты дамытуға көмектеседі. Сондықтан бұл бағдарламаның мақсаты эстетикалық қажеттіліктерді дамыту, жалпы және көркемсурет-эстетикалық ой-өрісін кеңейту ғана емес, сонымен қатар баланың шығармашылықтың практикалық бейнелеу қызметіндегі әлеуетті мүмкіндіктерін жандандыру, сондай-ақ баланың эмоциялық ортасына әсер ететін, бұл ретте коммуникативтік, реттеушілік және катарсис функцияларын орындай отырып, бейнелеу қызметінің практикалық әдістері арқылы психотерапевтикалық әсер ету.

Болашақта безендіруші-суретші кәсібін алу мақсаты көзделетін бұл Балалар көркемсурет мектебі базасында білім беру міндеттері өз шешімін

табады. Мектепте игерілетін пәндер бейнелеу өнерінің базалық білімдерін береді. Балалар көркемсурет мектебінде білім алушылар графикалық бейнелеу, кескіндеме, тұстану саласы, композиция негіздеріндегі білімдер мен біліктерге ие болады, әртүрлі көркемсурет материалдарымен жұмыс істеп үйренеді.

Мектептің бағдарламаны іске асыруы бірқатар басым міндеттерді шешуді көздейді, олардың ішінде талантты балалармен және жасөспірімдермен жұмыс істеу жүйесін дамыту, сондай-ақ денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істеу бар. Бұл міндеттердің шешімі уақтылы әрі орынды болып табылады, балалардың барлық санаттары үшін қосымша білім беруге қолжетімділік қағидатын жүзеге асыру құралына айналуы мүмкін.

Білім алушылардың сырқатының диагнозы – есту қабілеті бұзылған балалар. Бағдарлама қалыптасқан сенімділік атмосферасы мен бірлескен қызметтегі жеке бастың табысы арқылы қоғамымызда нашар еститін балаларды әлеуметтендіру, олардың рухани және шығармашылық дамуын, кәсіпті саналы түрде таңдап алуын қамтамасыз ету ескеріле отырып, құрылған.

Бағдарламаны іске асыру шарттары педагогиканың мына қағидаттарын сақтауға негізделеді:

Баланы дамытудың психологиялық және жекебасты ерекшеліктерін ескеру қағидаты;

психологиялық-педагогикалық әсер ету әдістерінің кешенділік қағидаты;

баламен үйлестіру жұмысын жүргізудегі оңтайлы тәсіл қағидаты;

бірізділік және жүйелілік қағидаты;

көрнекілік қағидаты;

ғылымилық қағидаты.

Негізгі курс бағдарламасы 4 жылға есептелген. Сурет, кескіндеме, композиция, мүсіндеме пәндері жүргізіледі. 5-ші оқу жылында (кәсіптік бағдарлау курсы) оқу жоспарына сәйкес қаріптік сауаттылық, көркемсуретті безендіру пәндері бойынша сабақтар өткізіледі.

2008 жылы 7 оқушы мамандандырылған сыныптың алғашқы түлектері атанды. Төрт бітіруші балалар көркемсурет мектебін үздік бағамен тәмамдады деген куәліктер алды. Түлектердің бірі Олег Алексеенко мамандығы бойынша жоғары білім алды. Егор Чубыкин мен Евгений Голубев дизайнерлік фирмаларда жұмыс істейді.

2008-2009 оқу жылында педагогикалық ұжым ДМШ бар 13 баланы «Нашар еститін балаларды арттерапевтік технологиялар элементтері бар бейнелеу қызметіне оқыту» бағдарламасы бойынша оқыта бастады.

Тәрбиеленушілер мектептің, қаланың, облыстың әлеуметтік-мәдени ортасына ойдағыдай бейімделді, маңызы бар барлық іс-шараларға қатысады. Оқушылар облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі конкурстар мен көрмелердің жеңімпаздары болып табылады.

2007 жыл. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған «Жұлдызай»

республикалық конкурсы. Асылбек Ержан – Гран-при дипломының лауреаты.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған «Жұлдызай» республикалық конкурсының облыстық туры, Александр Еременко - Гран-при дипломының лауреаты. Марина Селина – 1-дәрежелі диплом лауреаты.

2009 жыл. «Бейнелеу өнері» республикалық конкурсы. Марина Селина Гран-при дипломының лауреаты. Александр Еременко – 3-дәрежелі диплом лауреаты.

«Дети Кокшетау о себе и своих правах» облыстық конкурсы. Анатолий Петров – 2-дәрежелі диплом лауреаты.

2011 жыл. Алматы қ. «Мы - дети земли», «Экоидея» республикалық конкурсы. Александра Пыжова - 2-дәрежелі диплом лауреаты.

«Жас шебер» сәндік-қолданбалы өнер бойынша республикалық конкурс. Дипломант - Олжас Мұқанғалиев.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған «Жұлдызай» балалар шығармашылығының облыстық фестивалі. Рауан Жарқын - 1-дәрежелі диплом лауреаты. Олжас Мұқанғалиев - 2-дәрежелі диплом лауреаты.

«Казахстан – наш общий дом» республикалық конкурсының өңірлік іріктеу туры. Бауыржан Мұхамедқали – 2-дәрежелі диплом лауреаты.

2012 жыл. «Дети рисуют мир. Центральная Азия» халықаралық балалар конкурс-фестивалі. Александра Еременконың жұмысы конкурстың қорытынды альбомына енді.

«DESIGNEDbyASTANA» халықаралық фестивалі. Бауыржан Мұхамедқали, Галина Смирнова – сертификаттар.

2013 жыл. «Жұлдызай» облыстық конкурсы. Бауыржан Мұхамедқали - 1-дәрежелі диплом лауреаты. Дина Сәрсенбаева - 2-дәрежелі диплом лауреаты.

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі баланың жеке тұлғасы, оның қажеттіліктері мен қызығушылықтары Мектептің тәрбиелеу және білім беру процесінің өзегіне айналды, оның негізгі мүддесі жекелеген функцияларды үйлестіруді емес, балаға деген толыққанды көзқарасты іске асыруды, дербес және толыққанды өмір сүруі үшін қажетті дене және психикалық мүмкіндіктерін дамыту.

Инклюзивтік білім беру – бұл мүгедек балалардың білім беру ұйымына кедергісіз қол жеткізуі үшін техникалық жағдайлар жасап қана қою емес, сонымен қатар денсаулық мүмкіндіктері шектеулі баланың психофизикалық мүмкіндіктерін есепке ала отырып құрылуы тиіс оқу-тәрбиелеу процесінің ерекшелігі. Мектептің педагогикалық ұжымы педагогтар, оқушылар және ата-аналар ұжымдарында мүгедек баланың проблемаларын, мұқтаждықтары мен арман-мүддесін қабылдауға және түсінуге, оған көмектесу ынтасына негізделген рухани-психологиялық ахуал қалыптастыра алды.

Осылайша, Балалар көркемсурет мектебінің педагогикалық ұжымы мүмкіндіктері шектеулі балаларға оқыту мен дамытудың оңтайлы жағдайларын жасады, оның қажеттіліктерін қанағаттандырды, балалардың мамандандырылған оқу мекемесіндегі оқу процесінде емес, қосымша білім

беруде өз қабілеттерін іске асыруы арқылы қоғамның мүмкіндіктері шектеулі адамдарға деген көзқарасын өзгертті.

**ДМШ бала тұлғасын дамыту құралы ретінде көркемөнер қызметіндегі педагогикалық әлеуетті дамыту бағдарламасы
(Астраханка селосындағы Балалар және жасөспірімдер шығармашылығы үйі, Ақмола облысы Есіл қаласындағы Жасөспірімдер шығармашылығы үйі)**

Балаларға қосымша білім беру жүйесі барлық жастағы балалардың қызығушылықтарын қамтамасыз ететін бағыттардың алуан түрлілігін түгел қамтиды. Атап айтқанда, қосымша білім беру жүйесінде кез келген қабілеті бар, білім деңгейі әртүрлі және мүмкіндігі шектеулі балаға жеке тұрғыдан қарау мүмкін бола бастады. Мүмкіндігі шектеулі балаға күрделі де түсініксіз әлемді тануға көмектесетін маман ретінде педагогикаға үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Педагог балаға өзін тануға, өзінің «толық жетілмегенмін» деген түсінігін жеңіп, бүкіл әлемге «Мен де барлық адамдар сияқтымын!» деп мәлімдеуіне көмектеседі.

Дені сау құрбыларына қарағанда, мүмкіндігі шектеулі балалар өздерінің «шектеулі» болуларына байланысты, бұл әлемді мейлінше жарқын, эмоциялық тұрғыдан қабылдайды. Дене қозғалысының мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, олар неғұрлым тиянақты, ойланғыш болып келеді және әр нәрсеге аса зейін қоя қарайды. Мүгедек-балалар шығармашылықпен айналысқан кезде бұл әлемнен өз жандарына медеу тапқандай болады, шығармашылық өзін-өзі таныту және өз қабілетін ашып көрсету болып табылады, ол балалардың бейімделуі мен оңалуына көмектеседі. Өз жұмыстары арқылы олар құрбыларымен тілдесуге, қоршаған әлеммен байланыс орнатуға ұмтылады. Барлық балалар сияқты оларға да көңіл бөлу, сүйіспеншілікпен қарау, түсіну және шығармашылықпен айналысу мүмкіндігін беру қажет.

Астраханка селосындағы балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы үйінде денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалар үшін «Бумагопластика и лепка» үйірмесі құрылды.

Сәндік-қолданбалы шығармашылық құралдары арқылы тәрбиеленушілердің шығармашылық әлеуетін қалыптастыру және оларға қағаз пластикасы, аппликациялар, квиллинг технологияларын меңгерту үйірме бағдарламасының мақсаты болып табылады.

Бұл бағдарламаның мазмұны балалардың мүмкіндігіне сай келеді және орындайтын жұмыстары олардың денсаулықтарына зиян келтірмейді.

Балаларды шығармашылық қызметке тарту мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру процесінің негізгі құрамдауышы болып табылады. Олар педагогтің нұсқаулықтарын, көрсеткендерін ойланбастан орындаушылар ғана емес, өмірлік тәжірибесі мен қиялдарын пайдалана отырып, өздерінің

қайталанбас жеке жұмыстарын ұсынады. Өз шығармашылығы арқылы балалар қоршаған әлемге деген жеке көзқарасын білдіреді. Сондықтан да бұйым жасап шығарудың нәтижесіне қарағанда, балаға сол процестің өзі маңыздырақ.

Қағаз пластикасымен және мүсіндеумен айналысу өз мүмкіндігіне қарай бірегей болып келеді, өйткені күнделікті сабақтар әрбір баланың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді.

Қиялдау шығармашылықтың ажырамас бөлігі болып табылады. Сол қиялдау арқылы келешекте ойлап шығарылатын бұйымдардың пішіндері, бейнелері, модельдері жасалады. Ішкі ойларын нақты бейнелегеннен кейін, олар идеяны өмірге келтіреді.

«Қағазпластика және илеп жапсыру» үйірмесінің бағдарламасы материалдың тұрақты түрде күрделеніп отыратыны, сабақ мазмұнының қолжетімділігі және өзіндік оқыту түрлерінің алуан түрлілігі (ауызша тапсырмалар, тестілер, шығармашылық тапсырмалар) ескеріле отырып жасалды.

Алайда, бұл ретте бір сабақта алынған жаңа білімнің шектеулі болуы тиістігін (жаңа практикалық дағдылар екеуден аспауы тиіс) ұмытпау керек, өйткені оқу материалының сапалы меңгерілмеуі шығармашылықтың түпкілікті нәтижесіне ықпал етіп, бала істеген жұмысына қанағаттанбайтын болады. Тапсырмалардың біртіндеп берілуі бастапқы кезеңдерде балалардың дайындық деңгейі мен мүмкіндігін айқындауға, ал кейіннен қазіргі және жаңадан қалыптаса бастаған дағдыларын, білімдері мен машықтануларын дамытуға және жетілдіруге көмектеседі. Балаларға қосымша білім беру әрбір бала, әсіресе ДМШ бала өз қабілетін, өзінің жеке мүмкіндігін, өзінің шығармашылық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін толығымен ашып көрсетуі үшін жағдай жасауға бағытталған.

Балалармен сабақтар өткізу 3 кезеңнен тұрады.

1. Дайындық кезеңі. Сабақтың тақырыбына байланысты тапсырмалар мен жаттығулар таңдап алынады.

І кезеңнің мақсаты: балалардың жұмыс істеуін қолдау және ынталандыру.

Міндеттері: балалардың білімдері мен дағдыларының нақты деңгейін айқындау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында олардың танымдық қызығушылығын ынталандыру, балаларды көркем-шығармашылық қызметте өзіндік жеке стиль қалыптастыруға бағдарлау.

2. Негізгі кезеңнің мақсаты: әрбір баланың шығармашылық процеске жеке қатысуын және шығармашылық жұмысты орындауын ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

Міндеттері: өздігінен ойлау, шығармашылық шешімдер қабылдау қабілетін дамыту, балаларды бірлесіп жұмыс істеуге, ынтымақтастыққа тарту.

3. Шығармашылық кезеңі – сабақты қорытындылау. Көрмелер желісін ресімдеуді, өз жұмысын қорғауды қамтиды.

Міндеттері: балалардың өздерін оң бағалауларына қол жеткізу – өз

мүмкіндігін сезіну және оған сену.

Балалардан түскен шығармашылық идеяларды қолдау мен мақұлдаудың, олардың жетістіктерін бекітудің, тәрбиеленушілердің бірлесіп жұмыс істеулері жағдайында олардың даралығын дамытудың маңызды мәні бар.

«Бумагопластика и лепка» шығармашылық бірлестігі жағдайында әрбір бала өзінің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін құқыққа және нақты мүмкіндікке ие болып, қиындықтарды жеңеді. Әрбір баланың өзіне тән қиялы бар, ол сезіне, ойлана, әрекеттене отырып, «Мен» деп өмірге өз кірпішін қалайды.

Есіл жасөспірімдер шығармашылығының үйінде ДМШ балалар «Табысқа жетер жол» бағдарламасы бойынша «Шеберхана», «Кескіндеме» үйірмелеріне барады.

Балалармен өткізілетін сабақтар сурет салу, мүсіндеу және аппликациялар арқылы дәстүрлі емес көркем техниканың негізінде құрылады, саусақтармен сурет салу (пальцеграфия), алақанмен сурет салу, картоптан, тығыннан, поролоннан, умаждалған қағаздан мөрлеп бедерлеу, балауыз борлар + акварель, майшам + акварель, трафаретпен басып жазу сияқты дәстүрлі емес шығармашылық техникалар және басқалары пайдаланылады.

Бір ойға алынған нәрсені жасап шығару үшін сипаты жағынан алуан түрлі техникалар мен амалдарды, түрлі фактуралы материалдарды біріктіру балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді және қол қозғалыстарының жалпы күшін, амплитудасын, жылдамдығын, нақтылығын дамытады. Педагогтер сабақтарда балалардың психологиялық, физиологиялық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, дәстүрлі емес көркем техника элементтерін пайдаланады. Балалардың осы санатымен бірлесіп жұмыс істеу аса үлкен көңіл бөлуді талап етеді, міне, сондықтан да сабақ кезінде балалардың қызығушылығын қолдау қажет. Бұл мақсатта, біріншіден, балаларға сурет салуды орындау техникасын, көркем шығармашылықты таңдауға мүмкіндік беру қажет, екіншіден, сабақты кезеңдерге бөліп, кезеңдердің арасында міндетті түрде дене қимылы минуттарын, саусақпен жаттығулар жасау және музыкалық үзілістер өткізу керек. Сабақтарда музыкалық сүйемелдеу балалардың көңіл-күйлерін, олардың сабақ процесіне қызығушылығын қалыптастырып, музыкалық есту қабілетін дамытады, құрылған сюжетке байланысты барлық сабақтарда пайдаланылады. Педагогтердің балаға жеке тұрғыдан қараулары мүмкіндігі шектеулі балаларға өзіндік жеке даму жолын табуларына көмектеседі.

**«Радуга» үйірмесінің сабақтарында
ПДТ балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту
(Батыс Қазақстан облысының
Облыстық экологиялық-биологиялық орталығы)**

Облыстық экологиялық-биологиялық балаларға қосымша білім беру орталығы жеке және сараланған тәсілді пайдалана отырып және білім алушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескерумен білім алу қажеттіліктері әртүрлі балалар үшін өз қызметтерін ұсынады. Денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалар үшін тұлғаның эмоциялық, адамгершілік дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалып, оларға қолжетімді ақпарат алу мүмкіндігі беріледі.

Бірнеше жылдар бойы облыстық экологиялық-биологиялық орталық «Бәйтерек» мүгедек балаларды емдеу-педагогикалық орталығымен тығыз еңбек етіп келеді. Денсаулық мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивтік білім беру мен тәрбиелеу бойынша интеграциялық серіктестік өзара іс-қимылының моделін құру ынтымақты еңбек етудегі негізгі мақсат болып табылады.

Балалар орталыққа зор ынтымақпен барып тұрады, онда олар үшін балаларға арналған хайуанаттар паркіне, оқу-тәжірибелік учаскесіне және жылыжайға экскурсиялар ұйымдастырылған. Балалар үй гүлдерін отырғызатын «Цветик-семицветик» іс-шараларын өткізеді. Олардың көбі үшін, бұл – өз қолдарымен отырғызылған алғашқы өсімдік. Осы кезде олар барынша тырысып, шыдамдылық танытып жатады және олардың жүздерінен тапсырманы орындағандарын мақтан ететіндері сезіліп тұрады.

2013 жылы облыстық экологиялық-биологиялық орталық базасында «Бәйтерек» ЕПО мүгедек балаларына арналған «Радуга» үйірмесі құрылды. Үйірме «Гүл отырғызу негіздері» бағдарламасы бойынша жұмыс істейді. Бағдарлама маңызды әлеуметтік функция атқарады: психикалық дамуы тежелген балаларға қоршаған ортаны белсенді тану арқылы жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастарға енулеріне, салауатты өмір салты тәжірибесін жинақтауларына көмектеседі. Орталықтағы үй өсімдіктерінің, сондай-ақ ашық топырақтағы гүлді-сәнді өсімдіктердің ауқымды түрлік құрамы үйірмешілердің танымдық белсенділігін жандандыруға мүмкіндік береді, ДМШ балалардың бойында практикалық дағдылар мен машықтануларды қалыптастыру мүмкіндігін ұсынады.

Білім беру бағдарламасын іске асыруға қатысатын балалардың жасы – 16-18 жас. Топтың сандық құрамы – 4 адам. Сабақтар аптасына екі сағаттан 2 рет өткізіледі. Білім беру бағдарламасы 144 оқу сағатына есептелген. Үйірменің негізгі жұмыс түрлері – жеке, топтық және көпшілікке арналған сабақтар. Әрбір сабақтың соңында әрбір тәрбиеленушінің және жалпы топтың жұмысы қорытындыланады.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс мазмұнында үйірмешілерді оқыту мынадай екі жетекші құрамдауышқа бағдарланады:

- мидың ойлау қызметін дамыту және өсімдік әлемі туралы қарапайым ұғымдарды меңгерту (сенсорлық дамыту, моторлық функцияларды жетілдіру, заттық-практикалық қызметке сүйене отырып, ойлаудың көрнекі түрлерін дамыту);

- қоршаған әлеммен танысу және сөйлеу қабілетін дамыту (заттар мен

құбылыстар туралы түсініктерді молайту, сөз қорын кеңейту, коммуникативтік белсенділікті ынталандыру).

Сабақтар құрылымына танымдық процестерді дамытуға бағытталған ойындар мен тапсырмалар кіреді. Мәселен, «Өсімдіктердің маңыздылығы және олардың алуан түрлілігі» тақырыбын өткен кезде материалды практикалық меңгеру экологиялық-биологиялық орталықтың өсімдіктерін танып-білу бойынша «Следопыт» ойыны түрінде өтеді. «Зеленый доктор», «Найди похожее», «Узнай меня» және т.с.с. ойындар да осыған ұқсас функция атқарады.

Ойын сабақтары, ойын тапсырмалары, өсімдіктермен өзіндік жұмыстар жүргізу арқылы курстың практикалық бағыттылығы жүзеге асырылады.

Табиғатқа экскурсияға шығу, экологиялық іс-шараларға қатысу бағдарламаны тиімді меңгеру құралдары болып табылады. Үйірмешілердің Ұлы күннің белгісі ретінде жұпаргүл ағашының талдарын отырғызуды көздейтін «Салют Победы» облыстық акциясына қатысулары жоспарланып отыр. «Радуга» үйірмесінің балалары экологиялық-биологиялық орталықтың аумағында жұпаргүл отырғызып, осы акцияны бастайды.

Қорытынды сабақта балалар экологиялық сауаттылықты, сондай-ақ практикалық дағдыларды меңгергендерін, гүлді-сәндік және үй өсімдіктерінің түрлік құрамын тани білетіндіктерін көрсетеді. «Мои зеленые питомцы» өзіндік жеке жұмыстарының таныстырылымы өткізіледі.

Осылайша, экологиялық-биологиялық орталық педагогтері психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту және тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін табиғат объектілерімен тілдесу барысында эмоциялық саланы дамыту арқылы шешу жолдарын таба білді. Тәрбиленушінің санасында экологиялық құндылықтарды, табиғатқа деген оң көзқарасты қалыптастыру басым міндеттер қатарында қаралады.

Даму процесінде алынған білімдер мен дағдылардың қалай меңгерілетіні, қандай мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланылатыны субъектінің қоршаған адамдарға және қоршаған заттық ортаға деген алдағы уақыттағы эмоциялық көзқарасына байланысты болады.

Табиғатқа деген адамгершілік құндылық көзқарас, тіршілік иелеріне мейірімділікпен қарау, эмоциялық қамқорлық, табиғат объектілеріне деген қызығушылық, тіршілік иесі ретінде ерекшеліктерін ескере отырып, олармен оң іс-қимылдар жасауға ұмтылу; тіршілік иесіне қамқор болу ниеті педагогикалық міндеттер мен психикалық дамуы тежелген балалар жұмысының тандап алынған бағыттарын шешуге көмектеседі. Осы негізде құрылған сабақтар оларға тіл табысуда кездесетін кедергілерді жеңуге, өзін және басқаларды жақсы түсінуге, психикалық қысылушылықты болдырмауға көмектесіп, өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік береді.

Шығармашылықпен оңалту денсаулық мүмкіндіктері шектеулі

балалардың қоғамға бейімделу жолы ретінде (Курчатов қ. «Горизонт» балалар-жасөспірімдер клубы, Шығыс Қазақстан облысы Зырян қаласы жас натуралистер станциясы)

Курчатов қаласының мектептерінде 1369 оқушы, оның ішінде 49 мүмкіндігі шектеулі бала оқиды.

Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық бос уақытын ұйымдастыру, салауатты өмір салтын насихаттау, қалада құқық бұзушылықтар мен балалардың қараусыз жүруінің алдын алу үшін 5 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді: Балалар саз мектебі, Балалар және жасөспірімдер шығармашылық үйі, Балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, «Горизонт», «Скала» балалар-жасөспірімдер клубтары.

Қосымша білім берумен қамтылған 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар саны 805 (59 %) құрайды. Жалпы білім беретін мектептер үйірмелеріне 899 бала (64,3 %) қатысады.

«Горизонт» балалар-жасөспірімдер клубы жергілікті жердегі балалармен, жасөспірімдермен және жастармен жұмысты ұйымдастыру мақсатында құрылды.

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың бос уақытын ұйымдастыру клуб жұмысы бағыттарының бірі болып табылады. «Сделай сам» үйірмесіне 15 бала қатысады.

«Сделай сам» үйірмесі бағдарламасының мақсаты - мүгедек балалардың оң эмоциялық және әлеуметтік бейімделу мінез-құлықтарын дамыту, оларды шығармашылық қызметке тарту арқылы оң қасиеттерін қалыптастыру, танымдық белсенділігін дамыту.

Үйірменің тәрбиелік міндеттері әлеуметтендіру, баланың өз бетінше жұмыстануы мен дербестігін арттыру, жұмысы мен мінез-құлқында адамгершілік бағдарларды қалыптастыру, сондай-ақ жеке басылық оң қасиеттер тәрбиелеу мәселелерін шешуге бағытталған.

Оқыту қағидаттары:

зерделеуге ұсынылатын материалдың қолжетімділігі;

практикада қолдану арқылы білімді саналы түрде меңгеру;

шығармашылық қабілеттер бастамаларын қолдау және дамыту;

ізгілік және ұжымда – оның барлық мүшелері үшін мүмкіндігі тең социумда қолайлы шағын орта қалыптастыру арқылы тұлғаны дамыту.

Бағдарлама аптасына 1 сағаттан 2 рет сабақ өткізуді ескере отырып, 1 жылға есептелген, барлығы 70 сағат. Балалардың жасы – 7- 9 жас.

Күтілетін нәтижелер:

баланың мінез-құлқында оң психологиялық-эмоциялық негіз қалыптастыру;

қол өнерімен айналысу арқылы жалпы психикалық және моторлық дамыту;

шығармашылыққа деген тұрақты қызығушылықты тәрбиелеу;

балалардың бір-бірімен қайырымды қатынастар орнатуы;

баланың өзін-өзі бағалауын жоғарылату.

Бағдарламаның мазмұнды бөлігінде: сурет салу, мүсіндеу, аппликация, кляксография, газет техникасы бойынша, табиғи материалмен, оригамимен жұмыс және сәндеу бойынша сабақтар. Педагог ұжымдық-шығармашылық қызмет ретінде сабақтарда: «Аквариум», «Весенний калейдоскоп», «Полянка» тақырыптары бойынша, «Отгадай кто?» коммуникативтік ойыны сияқты оқыту түрлерін пайдаланады.

Оқу жылы шығармашылықтың зерделенген техникаларына қатысты таңдау бойынша балалардың өзіндік жұмысымен, балалар шығармашылығының қорытынды көрмесімен аяқталады.

Педагог бағдарламаны әзірлеп, оның тиімділігіне мониторинг жүргізеді.

ДМШ балаларға арналған негізгі сабақтардан басқа, Туған күн, Жаңа жыл, Рождество, Семей қаласының мұражайларына экскурсиялар сияқты көпшілікке арналған іс-шаралар өткізіледі.

Үйірме сабақтарына проблемалы балалармен қатар дені сау балалар да қатысады, олардың ортақ тіл табысып, бірлескен түрде шығармашылықпен айналысуларына жағдай жасалған.

Жұмыс істеген екі жыл ішінде педагогтер ата-аналарды бірлесіп жұмыс істеуге тартуды, балалардың сабақтарға деген қызығушылығын тудыруды, сабақтарда психологиялық-эмоциялық ахуал қалыптастыруды жүзеге асыра білді, балалардың тіл табысуы еркін, эмоциялық тұрғыдан қалыпты бола бастады.

Ерекше даму қажеттіліктері бар баланың ішкі дүниесі күрделі болып келеді. Мұндай балаларға қоршаған ортаның алуан түрлілігін түгелдей көріп, естіп, сезінулеріне қалай көмектесуге болады? Оларға өзінің Мен деген болмысын ашып, ересектер әлеміне енулеріне, сол ортада толыққанды өмір сүріп, өзара әрекет етулеріне қалай көмектесу керек?

Қоғамның қазіргі заманғы даму кезеңінде балалардың бойында шығармашылық және ойлау қабілеттерін қалыптастыруға үлкен көңіл бөлініп отыр. Шығармашылық қызмет – өз қабілеттерін көрсете білу, жаңа, қызықты, ерекше бір нәрсе ойлап табу. Психикалық танымдық процестер, әрбір бала тұлғасының қасиеттері балалардың шығармашылық қабілеттерін ойдағыдай дамытуға және өзін көрсете білулеріне ықпал ететін жағдайларға жатады. Осы аталған міндеттерді шеше алатын құрал – табиғаттың өзі.

Зырян қаласындағы жас натуралистер станциясы педагогикалық ұжымының осындай санаттағы балалармен жұмыс істеуде белгілі-бір тәжірибесі бар. Есту және сөйлеу қабілеттері бұзылған балаларға арналған № 2 түзеу мектеп-интернатының 8 тәрбиеленушісі «Юный кроликовод» шығармашылық бірлестігінің сабақтарына қатысады.

Балалардың шығармашылық белсенділігін ынталандыру, жеке қасиеттерін, қабілеттерін дамыту және өзін көрсете білуі үшін жағдай жасау «Юный кроликовод» шығармашылық бірлестігінің негізгі мақсаты болып табылады. Жас натуралистердің мал шаруашылығының саласы ретінде үй қояны шаруашылығымен практикалық танысуларына, үй қояндарының

биологиялық ерекшеліктерін зерделеулеріне, үй қояны шаруашылығының адам өміріндегі практикалық мәніне үлкен көңіл бөлінеді. Жалпы сабақтар эстетикалық, еңбек және адамгершілік тәрбие міндеттерінің кешенін шешуге ықпал етуге арналған.

Бағдарламаның міндеттері:

білім алушыларды жануарларды жақсы көріп, түсінуге, оларға қамқорлықпен қарауға үйрету;

қоршаған әлемнің экологиялық құндылығы ұғымын дамыту;

тәрбиеленушілер санасында жанашырлықпен қарай білу инстинктін ояту;

маңызды еңбек дағдыларын қалыптастыру;

білім алушылар арасында ізгі ниетті қатынастардың туындауын ынталандыру, жаңа достар табу және жақсы әсерлер алу;

балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;

жануарлар әлемімен байланысты мамандықтарға /зоолог, ветеринар, мал ұстаушы, зоотехник, аңдарды қолға үйретуші және т.с.с./деген саналы қызығушылықты қалыптастыру;

білім алушыларды туған өлкесін сүйе білуге баулу.

Балалардың жасы – 10-16 жас. Бағдарламаны іске асыру мерзімі – 2 жыл.

Оқыту кезінде топтық және ұжымдық сабақтардың түрлері, түрлі оқыту әдістері пайдаланылады. Сабақтарда білім алушыларға бағдарлы түрде жеке тұрғыдан қарау (мүмкіндігінше еркіндік беріп, сыйластықпен қарау, өзін-өзі дамытуға жағдай жасау, мақтау) және жеке көзқараспен қарау міндетті. Сабақтарды өткізу түрлері алуан түрлі: экскурсиялар, мерекелер, ойындар, дидактикалық материалмен топтық жұмыс, әдебиетпен өзіндік жұмыс, топтарда практикалық жұмыстар жүргізу және басқалары.

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер:

табиғатты сүйетін, жанашырлықпен қарай білетін, жан-жануарлармен болған жазатайым, сәтсіз, қайғылы оқиғаларда аяушылық білдіретін адам қалыптастыру;

үй қояндарын ұстау және өсіру үйірмешілер үшін мамандық таңдауда немесе сүйікті ісімен айналысуда оларға бағдар беруі тиіс;

үй қояны шаруашылығы бойынша нұсқаушы жас натуралистер дайындау.

Демалыс кезеңдері мен мереке күндері жануарларды күтіп-баптау бойынша оқу-тәжірибелік учаскеде практикалық сабақтар және көпшілікке арналған іс-шаралар жүргізіледі.

№ 2 түзеу мектеп-интернаты дәрігерлерінің ұсынымдары бойынша танымдық экскурсиялар есту және сөйлеу қабілеттері бұзылған балалар үшін жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Балалардың жануарлармен байланысы оларға сыртқы әлемді түсінулеріне көмектеседі. Жануарлар тілін таба білу және оларды күтіп-баптау тәжірибесі өзін-өзі бақылауға, шыдамдылық пен өзін-өзі ұстай білуді едәуір жоғарылатуға ықпал етеді. Бала басқа адамдардың көңіл-күйлері мен сезімдерін неғұрлым жақсы қабылдай алады, өзімен ғана

шектеліп қалмай, адамдарды түсінуді үйренеді. Балалардың өзін-өзі бағалауы жоғарылап, өзін жақсы сезіне бастайды, басқа да балалармен және ересек адамдармен көбірек тілдесіп сөйлесуге ұмтылуы дамиды. Жануарларды және өсімдіктерді бақылау процесі балалардың оң өзгерістеріне алып келеді. Жануарлардың (иттер, үй қояндары, құстар және басқалары) көмегімен болатын пациенттер терапиясының пайда болғанына көп уақыт болған жоқ. Оны американдық ғалымдар ойлап тапты. АҚШ-та халықаралық жануарлар терапиясының ұйымы бар. Оның авторлары жануарлардың адам денсаулығына тигізер пайдасын зерделейді. Заманауи технология ретінде Пэт терапиясын педагогтар зерделеп, практикада ойдағыдай қолданып жүр.

Жас натуралистер станциясының педагогтері балалардың жеке тұлға ретінде дамуына, өзін-өзі кәсіби айқындауына, шығармашылық еңбектенуіне, олардың қабілеттерінің ашылуларына, қоғам өміріне бейімделулеріне жағдай жасай білді, ал мұның нәтижелері жалпы қоғам үшін де, әрбір білім алушы үшін де маңызды.

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың шығармашылық әлеуметтік-мәдени қызметі (Батыс Қазақстан облысы Орал қ. Мектептен тыс жұмыс орталығы)

2010 жылдан бастап Орал қаласындағы Мектептен тыс жұмыс орталығы ДМШ балалар үшін кедергісіз орта құру режимінде жұмыс істейді. Соңғы үш жылда Мектептен тыс жұмыс орталығы ерекше қажеттіліктері бар 70 астам балаға және олардың ата-аналарына қызмет көрсетті.

ДМШ балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту қызметі мынадай нысандарда өтеді:

үйірме жұмысы;

ертегі терапиясы;

«Мостик доверия» психологиялық тренингтері;

психологтың «Жизнь - радуга» топтық сабақтары;

психологтың, әлеуметтік педагогтің жеке, топтық консультациялары;

шашка, шахмат, тоғызқұмалақ бойынша спорттық турнирлер;

бос уақыт іс-шараларына қатысу: сәндік-қолданбалы, сурет салу шығармашылығының акциялары, көрмелері, балалар шығармашылығының, «Мөлдір бұлақтан ...», «Папа, мама, я - дружная семья!» отбасылық шығармашылық фестивальдары;

балалардың Республикалық «Жұлдызай» конкурсының қалалық және облыстық кезеңдеріне қатысуы.

Балалардың осындай санатымен тікелей жұмыс істейтін мамандар үшін (әлеуметтік қызметкерлер, педагогтер, психологтар, логопедтер, дефектологтар) ай сайын оқыту семинарлары-практикумдар жүргізіліп отырады.

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды инклюзивтік білім алу

кеңістігіне қосу «Сорос Қазақстан» «Бота» ҚҚ қаржылық қолдауымен Орталықтың «Достық алаңы» Балалар және жастар қоғамдық бірлестігімен (БЖҚБ) бірлесіп «На пути к мечте!», «Первые шаги к инклюзивной школе» атты әлеуметтік жобаларды іске асыруға қатысуына мүмкіндік берді.

«Достық алаңы» БЖҚБ Мектептен тыс жұмыс орталығының базасында 2011 жылы құрылды, оның құрамына педагогтер, Мектептен тыс жұмыс орталығының «Орал қаласындағы балалар бірлестіктері көшбасшылары мектебінің» тәрбиеленушілері кірді.

Жастар ұйымы ДМШ балалар үшін кедергісіз орта құру және оны дамыту үшін грант қаражатын тарту мақсатында құрылды.

Жобаның идеясы: балалардың осы санаты үшін вариативті оқыту түрлерін ұсыну арқылы инклюзивтік білім беру кеңістігін құру.

Жоба бойынша қызмет

Әлеуметтік жобалар шеңберінде 6 пандус орнатылып, үйірме сабақтарын жүргізу үшін көркемдеу материалы сатып алынды.

2011-2012 жылдары ДМШ балаларды үйірмелер, секциялар сабақтарына және көпшілікке арналған іс-шараларға тасымалдау үшін көлік жалға алынған болатын.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған 35 баладан тұратын топ және олардың ата-аналары дені сау құрбыларымен тең жағдайда «Бисер өру», «Сурет өнері», «Сәндік-қолданбалы шығармашылық», «Вокал», «Хореография», «Компьютерлік сауаттылық» үйірмелеріне, «Жас ақын мектебі», «Көшбасшылар мектебі» клубтарына, шашка, шахмат, тоғызқұмалақ секцияларына қатысады.

Балалармен және олардың ата-аналарымен жұмыс жүргізудің аталған түрлері Орталықтың педагогикалық ұжымына мүгедек балалардың проблемаларына қазіргі кезде орын алып отырған әлеуметтік және педагогикалық көңіл бөлу тапшылығын толықтыруға және олардың тәрбиесі мен оқуларын едәуір оңтайландыруға мүмкіндік берді. Орталықтың жұмыс тәжірибесінен мүгедек балалардың кәдімгі балалар сияқты қабілетті де талантты екендігі көрініп отыр.

Орал қаласының мектептен тыс жұмыс орталығы өз тәрбиеленушілеріне шығармашылық әлемінің терезесін ашты. Педагогтердің балалардың отбасыларымен, ата-аналарымен ынтымақтастығы ерекше рөл атқарады, сондықтан әлеуметтік педагогтердің ата-аналармен жұмыс істеуі Орталық қызметінің маңызды бағыты болып табылады. Баланың шектеулі мүмкіндігінің әлеуметтік және педагогикалық ықтимал теріс салдарын болдырмау немесе оны жеңілдету үшін ерекше баланы тәрбиелеу және оқыту ерекшеліктері жөнінде ата-аналардың айқын түсінігі болуы тиіс. Ата-аналар емдеумен қатар оқытудың да қажеттігін ертерек сезінсе, олар үлкен жетістіктерге жете алады. Орталық бос уақытқа арналған және жеке білім беру бағдарламаларын іске асыру арқылы ДМШ балалардың танымдық және эстетикалық сұраныстарын қанағаттандыруға мүмкіндік беріп, баланың шығармашылық мүмкіндіктері туралы білімін кеңейтті, таңдап алынған

қызмет саласында одан әрі табысқа жетуін қамтамасыз етіп, жаңа тілдесу ортасын қалыптастырды, шығармашылық қызметке баланы ғана емес, сонымен қатар оның жақын араласатын ортасын да тартуға ықпал етті.

Көркемсурет қызметі және арттерапия құралдары арқылы ДМШ балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту (Павлодар облысының Балаларға қосымша білім беру ұйымдары)

Павлодар облысының қосымша білім беру ұйымдары қызметінің басты міндеттерінің бірі – балаларды қазіргі өмір сүру жағдайларында әлеуметтендіру және оларды шығармашылық тұрғыда дамыту. Бұл міндетті шешуде басты назар көмекті көп қажет ететін және тек жақындарының емес, сонымен қатар қоғамның да қолдауын қажет ететін балалар санаты ретінде мүгедек балалармен жұмыс істеуге бөлінеді. Тек тығыз ынтымақтастықта ғана балаға өзінің жеке тұлға ретіндегі маңызын ұғынуға, өзін өзі көрсетуіне және қоғамдық өмірде өз орнын табуына көмектесуге болады.

Бүгінгі күні Павлодар облысының қосымша білім беру ұйымдарында денсаулық мүмкіндіктері шектеулі **398** бала оқиды.

2011 жылдан бастап Павлодар қ. Жұмыспен қамту және балалар шығармашылығы орталығының «Дос» балалар демалысы клубында есту қабілеті бұзылған балаларды спорттық, көркем биге үйрететін «Алтын мектеп» білім беру бағдарламасы іске асырылуда. Би үйірмелеріне саңыраулар мен нашар еститін балаларға арналған интернаттың 26 тәрбиеленушісі қатысады. Күнделікті сабақтар, спорттық, көркем және қазіргі заманғы билер бойынша конкурстарға, концерттерге, фестивальдар мен турнирларға қатысу тәрбиеленушілердің шығармашылық және тәндік әлеуетін ынталандырады және дамытады.

Би-қимыл терапиясы – психотерапия мен би өнері арасында шоғырланған пәнаралық сала. Оның үстіне, ол білімнің басқа да көптеген салаларымен тығыз байланысты. Олардың ішінде: анатомия, физиология, психофизиология, кинезиология (адамның қимылдау мүмкіндіктері туралы ғылым), нейропсихология, қимыл мен бидің әртүрлі теориялары, психология және т.б.

Балаларға арналған би терапиясының мәні бала өзінің эмоциясын би арқылы білдіре алуында, өз көңіл-күйін, әсерін бимен билеп беруінде. Музыка арқылы қозғалу тәндік дамуға түзетушілік әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар ойлау, есте сақтау, көңіл бөлу, қабылдау сияқты психикалық функцияларды жетілдіруге қолайлы негізі туғызады. Музыканың басталуы, ырғақтың құрылымы, серпінділік бояуы, қарқынды өзгеруі назардың тұрақты шоғырлануына, жаттығуларды орындау шарттарын сақтауға, музыка фразаларының ауысуына шапшаң ден қоюға әкеледі. Би адамның психодинамикалық функцияларын жақсартып алады. Негізінде, ырғақты қимылдар бұлшық еттердің бөліктерін нығайтады және буындардың жұмысын

жақсартады, сондай-ақ қимылдың шапшаңдығы, дәлдігі және бірдейлігі сияқты қабілеттерге әсер етеді. Үйлестіру процесінің басында дәл осы қимыл әдістеріне артықшылық бере отырып, сол арқылы психикалық процестердің оқу, жазу, математикалық білімдерге толыққанды қатысуы үшін базалық алғышарттар құру орынды. Бұл арнайы би сабақтарын өткізу қажеттігін дәлелдейді. Бимен айналысу жеке тұлғаның оң қасиеттерін тәрбиелеу үшін тиімді. Кеңістікте жаттығулар орындай отырып, қосақпен билеуді және секіріп билеуді үйрене отырып, хормен қимылдай отырып, балалар ұйымдастырушылық әрекеттер дағдысына, тәртіптілікке ие болады, бір бірімен биязы араласуға үйренеді.

Екібастұз қ. «Қайнар» білім беру-демалыс кешені Қоғамдық Балалар қорымен бірлесе отырып, жыл сайын мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған «Ақ көгершін» балалар шығармашылығының қалалық фестивалін өткізеді, қайырымдылық және әлеуметтік маңызы бар бағдарламаларға белсене қатысады. ДМШ бар 9 бала театр студиясына қатысады.

В. Катаев ат. Облыстық оқушылар сарайында бүгінгі күні түрлі бағыттағы 7 үйірмеге мүмкіндіктері шектеулі 34 тәрбиеленуші қатысады. Балаларға қосымша білім беру бағдарламалары олардың деңгейлері мен бейімділігін ескере отырып, оқу жоспарын, жұмыс бағдарламаларын қамтиды.

Оқу жоспарлары білім алушылардың танымдық ерекшеліктері ескеріле отырып, құрылған, олардың дамуында бар кемшіліктерді түзетуге, білім алушы тұлғасының жан-жақты дамуына, қазіргі қоғам жағдайларында әлеуметтенуге дайындауға бағытталған.

Мүгедек балаларды әлеуметтік бейімдеу орталығы Павлодар облысы Ақсу қ. «Балалар шығармашылығы үйі» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнының тұрақты әрекеттегі құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Ол қала әкімінің 1998 жылғы 31.08 № 1-222 өкімімен құрылды.

Орталық мемлекеттік ұйымдарға ДМШ бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу, қоғамдық негіздерде мамандарды мүгедектермен жұмыс істеуге тарту мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді.

Әлеуметтік бейімдеу орталығында 3 жастан 18 жасқа дейінгі денсаулық мүмкіндіктері шектеулі 24 бала оқиды.

Орталық жанында он алты жыл бойы «Мастерская Поделкина» үйірмесі жұмыс істейді.

Үйірменің басты міндеттері:

1) тәрбиеленушілердің бойында көркемсурет жұмыстарын дайындау білімдері мен дағдыларын, әртүрлі материалдармен және аспаптармен жұмыс істеу біліктерін қалыптастыру;

2) образды және кеңістікті ойлау, қол моторикасын дамыту;

3) көркемсурет талғамын дамыту, еңбек мәдениетіне тәрбиелеу.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған «Час общения» үйірмесі үшінші жыл жұмыс істейді.

«Үйренбейтін бала болмайды» - бұл түсінік үйірме құру кезінде негізге алынды. Баланың жеке тұлғасына құрметпен қарау – психологиялық-

педагогикалық оңалтудың негізгі қағидаты.

«Час общения» үйірмесінің негізгі міндеттері:

1) мүмкіндіктері шектеулі балалардың бойында олардың жадын, қабілеттері мен бейімділіктерін дамыту арқылы тұтас эстетикалық мәдениет негіздерін қалыптастыру;

2) байқампаздықты, қоршаған шынайы оқиғаларға дереу ден қоя білу қабілеттерін дамыту;

3) жеке тұлғаның рухани және адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу;

4) еңбекте қажеттілікті, табиғатқа қамқорлықпен және күтіммен қарауға тәрбиелеу;

5) шығармашылық қабілеттерді дамыту.

Дене жаттығулары, гимнастика (қолдардың буындарының, сүйектерінің қимылын дамыту, қолдарға, аяқтарға, омыртқаның астыңғы және үстіңгі бөліктеріне шағын жаттығулар жасау), ертегілер, әңгімелер оқу, викториналар, конкурстар, жұмбақтар (логикалық ойлауды, жадты, зердені дамыту), дыбыспен емдеу және түспен емдеу (еркінсі алу, тыңдай, ести, елестете, қиялдай алу) сабақтардың мазмұнын құрайды.

Орталықтың денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға қосымша білім беру бағдарламаларының әлеуметтік-педагогикалық бағыты баланың білім беру кеңістігіне әлеуметтенуіне, тұлғаның дамуында бар проблемаларды ерекше әдістермен және қосымша білім беру тәсілдерімен уақтылы дербес бағытта үйлестіру арқылы балалар социумына бейімделуіне ықпал етеді.

Әлеуметтік-мәдени қызмет ДМШ баланың жеке тұлғасын дамыту құралы ретінде (Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қ. Облыстық балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы)

2013-2014 оқу жылы облыс балаларының саны 146140 адамды құрады, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалар саны - 4579, бұл жалпы балалар санының 3,1%-ын құрайды. Облыста мүгедек балалар саны - 2045 адам. Петропавл қаласында 226 мүгедек бала тіркелген, оның ішінде мектеп жасындағы балалар - 173.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту үшін 7 арнайы мектеп, 11 психологиялық-педагогикалық үйлестіру кабинеті; жалпы білім беру мектептерінде 5 арнайы сынып жұмыс істейді.

Петропавл қ. Облыстық балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының (ОБЖШО) басым бағыттарының бірі олар үшін мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік оңалтуды ұйымдастыру, екі тараптың да сыртқы жағдайларға бейімделуіне бағытталған, дені сау құрбыларымен қарым-қатынасының кедергісіз ортасын құру болып табылады. Зияткерлік, шығармашылық және көркемдік әлеуетін ашу мүмкіндігі балалар мен жасөспірімдердің өзіндік мүддесі үшін ғана емес, сонымен қатар тұтас

қоғамның ізгілік әлеуетін байыту үшін де маңызды.

Орталық педагогтары «От сердца к сердцу» балалар мейірімділігі инновациялық әлеуметтік-педагогикалық бағдарламасын әзірледі.

Мақсаты: әртүрлі қызмет түрлері, кәсіби айқындалу, балаларды және олардың дені сау құрбыларын бірлескен шығармашылық қызметке ынталандыру, олардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту арқылы денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың оңалуы мен бейімделуі үшін жағдайлар жасау.

Жыл сайын «От сердца к сердцу» балалар мейірімділігі инновациялық әлеуметтік-педагогикалық бағдарламасы шеңберінде денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың «Надежда» облыстық фестивалі өткізіледі.

Фестивальдің дәстүрлі іс-шараларына «Мы можем все!» балалар шығармашылығы көрмесі, «Добрые ручки» шеберханасы (мүмкіндіктері шектеулі балалардың дені сау құрбыларымен бірлескен сабақтары), «Сюрприз к празднику», «Радость лечит!», «Дети - детям!», «Творцы радости!» акциялары жатады.

«Сюрприз к празднику», «Радость лечит!», «Дети - детям!», «Творцы радости!» акциялары шеңберінде Орталық пен Облыстық естімейтін және нашар еститін балаларға арналған интернат, арнайы үйлестіру интернаттық мекемелерінің ұжымдары концерттік бағдарламалар ұсынады. Дені сау құрбылары арасында мүгедек балалардың болуы туралы қоғамдық жайлы пікір қалыптасуда. Ал, балалар, өз кезегінде, шығармашылық процесінде бірлескен жағымды әсерленушілік тәжірибесін алады. Облыстық естімейтін және нашар еститін балаларға арналған интернаттың «Пульс» би ансамблі «Надежда» фестивалінің тұрақты қатысушысына айналды, ол «Каблучок» би ұжымдарының облыстың конкурсының жеңімпазы, «Жұлдызай» республикалық балалар шығармашылығы конкурсының (мамыр, 2013 ж.) I-дәрежелі дипломының лауреаты, «Workshop» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының халықаралық фестиваль-конкурсының I-дәрежелі дипломының лауреаты (Сочи қ., 2013 ж.), «Роза ветров» XIX халықаралық фестиваль-конкурсы финалының (Мәскеу қ.) лауреаты атанды.

«Надежда» фестивалі бағдарламасының айтарлықтай маңызды жобалары ретінде «Добрые ручки» шеберханасын, «Шебер» кәсіби шеберлігінің облыстық конкурсын атауға болады.

Облыстық естімейтін және нашар еститін балаларға арналған мектеп-интернаттың, арнайы үйлестіру интернаттық мекемелерінің тәрбиеленушілері «Столяр», «Слесарь», «Швея», «Кулинар» номинацияларында бірнеше рет конкурс жеңімпаздары болды. Танымдық сипаттағы конкурстар зияткерлік күш салуды, талдауды, ойлауды талап етеді. Бұл, әсіресе, мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдерге қатысты, себебі олардың әлеуметтік қажеттіліктеріне сәйкес келетін көмектер мен қызметтер түрлерін ұсынусыз толыққанды өмір сүруі мүмкін емес. Шығармашылық қуанышына ие бола отырып, балалар мен жасөспірімдер денсаулық жағдайларына қарамастан,

өздерінің өмірлік ұстанымдарын өзгертеді, өзіне деген көзқарасын өзгертеді.

Фестивальдар, мерекелер мен конкурстар, сөз жоқ, достық байланыстарды дамытуға, балалар мен жасөспірімдер арасындағы өзара түсіністікке жәрдемдеседі, өз қаласының, өңірінің тарихын, қазіргі өмірін, мәдени дәстүрлерін тануға ықпал етеді.

ОБЖШО балалар құқығын қорғау басқармасымен, әлеуметтік бағдарламалар жұмыспен қамту бөлімімен, Тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларды оңалту және бейімдеу орталығымен, «Жан достар» Солтүстік Қазақстан балалар қауымдастығымен, Петропавловл қ. №13 орта мектебінің «Рука в руке» балалар ұйымымен және «Поиск молодых и здоровых» үкіметтік емес қоғамдық ұйымымен серіктестік қатынастары жақсы қалыптасқан.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың олардың қоғамға қосылуына байланысты әлеуметтік проблемаларын шешу тек халықты әлеуметтік қорғауға экономика, денсаулық сақтау, мәдениет, білім беру, көлік, құрылыс және сәулет басқармалары органдарының қатысуымен кешенді болуы мүмкін, сондай-ақ әлеуметтік оңалтудың бірыңғай, тұтас жүйесін әзірлеу қажет. Өртүрлі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың кешенді өзара іс-қимылы кезінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды болашақта еңбек ете алатын және еліміздің экономикасының дамуына өз үлесін қоса алатын деңгейге қол жеткізуге болады.

Экологиялық-туристік бағыттағы пәндік-практикалық қызмет арқылы ДМШ балалардың шығармашылық әлеуетін ашу (Жамбыл облысы Тараз қ. Облыстық мектеп олимпиадалары мен мектептен тыс іс-шаралар өткізу орталығы)

Өсіп келе жатқан адамның денсаулығы – әлеуметтік қана емес, сонымен қатар адамгершілік проблемасы. Адам дені сау болып қана қоймай, дені сау балалар тәрбиелей білуі тиіс.

Оқушыны өз денсаулығын сақтау проблемасына тарту – бұл, бірінші кезекте, әлеуметтендіру процесі. Бала күннен бүкіл өмір бойына қаланатын рухани жайлылықтың жоғары деңгейін жасау. Рухани жайлылықты қалыптастыру үшін организмнің даму заңдары, оның әлеуметтік факторларымен өзара әрекеті туралы білімдер қажет.

Қазіргі, қоршаған ортаның ластануы, орман ағаштарының, жануарлар мен құстардың кейбір түрлерінің жойылуы сияқты проблемалар ушығып тұрған уақытта балалардың бойында табиғатқа күтіммен қарауды, туған жерге деген махаббатты тәрбиелеуге үлкен көңіл бөлінуі тиіс.

Туристік дайындық бойынша қосымша сабақтар, олар, ең алдымен, баланы, оның эмоциялары мен сезімдерін, эстетикалық талғамын, интеллектісі мен шығармашылық әлеуетін дамытудың құралына айналған жағдайда балалардың интеллектісі мен психикасын дамытудың тиімді әдісі болып

табылады. Балаға «мен мұны істей аламын, бұл менің қолымнан келеді» дей отырып, өз мүмкіндіктерін сезінуі және жолын айқындауы, сондай-ақ үлкендердің көмегін қабылдауы қажет.

Табиғаттың қоршаған әлемін зерделеу, экологиялық проблемаларды түсіну балалардың зияткерлік тұрғысында дамуына ықпалын тигізеді. Паркке, орманға экскурсиялар, серуендер балалардың денсаулығын нығайтады. Саяхат кезінде балалар алдағы уақытта кәсіп таңдауда көмектесетін, өздерін ұстау және қиын қыстау жағдайлардан шығу қағидаларын, күтілмеген оқиғалар кезіндегі алғашқы медициналық көмек негіздерін меңгереді.

Туристтік дайындық үйірмесінің мақсаты: экологиялық-туристік бағытта пәндік-практикалық қызмет арқылы мүмкіндіктері шектеулі баланың шығармашылық әлеуетін ашу.

Міндеттері:

- балалардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтына тарту;
- балаларды табиғатты қорғау қызметіне тарту;
- табиғаттағы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;
- қоршаған әлем объектілерімен танысу;
- көріп, естіп қабылдаудың сенсорлық функцияларын ынталандыру;
- ойластырылған әрекетті орындаудың дәлдігін негіздейтін қимыл функциясын дамыту;
- зердені, жадты, қиялдауды дамыту;
- қарапайым еңбек дағдыларына үйрету;
- өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікке тәрбиелеу.

Бағдарламада табиғат объектілерімен және олардың сақталу күйімен танысу, табиғатты қорғаудың түрлі әдістерін меңгеру, білім алушыларды шығармашылық және еңбек қызметіне тарту, зерттеу қызметіне қызығушылықты дамыту міндеті қойылады.

Оқыту жұмысының болжамдалатын нәтижелері.

Білім алушылар мыналады білуі тиіс:

экологиялық-туристік іс-шаралар өткізу қағидалары;

экология мен туризмді дамыту тарихы;

табиғат ескерткіштері;

ерекше қорғалатын аумақтар;

өсімдіктер, жануарлар түрлері.

Білігі мен дағдылары болуы тиіс:

компаспен жұмыс істеу;

жергілікті жерлерді бағдарлай білу;

бивуак орнықтыру және бөлу;

дәрігерге дейінгі көмек көрсету;

экологиялық-туристік экспедициялар мен саяхаттар жүргізу.

Оқу жоспары топографиялық және туристік дайындық, дәрігерге дейінгі көмек бойынша сабақтарды қамтиды.

**«Нұртамшы» балалар қоғамдық бірлестігінің «Жүрек жылуы»
әлеуметтік жобасы (Атырау облысы Құрманғазы ауданының Абай
Құнанбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебі)**

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу, шығармашылық әлеуетін дамыту, сондай-ақ проблемалы балаларды дамытуға жеке бағдарланған тәсілді жетілдіру үшін жағдайлар туғызу мақсатында, «Нұртамшы» балалар қоғамдық бірлестігі Абай Құнанбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебінде «Жүрек жылуы» әлеуметтік жобасын іске асыруда.

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар қарым-қатынастың шектеулі шеңберіндегі әлеуметтік байланыс жүйесінде тұрады. Үлкейген жаста да жетісе бермейтін әлеуметтік-мәдени тәжірибені беруде қиындықтар туындады.

Бала жасөспірім жаста әрекет үстінде қалыптасатынын ескере отырып, «Нұр тамшы» балалар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастырушылары мүгедек балаларды әлеуметтендіру үшін жағдайлар жасады. «Жүрек жылуы» жобасы клуб қызметі арқылы іске асырылады. «Мейірімді жүрек», «Шебер қолдар», «Ұшқыр ой», «Әсем бейне», «Бұраң бел» клубтары ДСП бар балаларға түзету-педагогикалық көмегін көрсетуде.

«Жүрек жылуы» жобасының шеңберінде Құрманғазы ауданының №5 педагогикалық түзету кабинетімен бірлесе отырып, «Біз көп дыбыс білеміз, бірге сезінейік!» логопедтік ойыны, «Біз сұлуымыз, балдаймыз, бақытты өмір таңдаймыз» тренингі, «Бәйге», «Пицца» зияткерлік ойындары, қолдың бұлшық еттерін дамытуға арналған «Сок вачи» жаттығулары, «Бәріміз бірге!» танысу кеші, «Әкем, шешем және мен - біз конструкторшы жанұя» жарысы және «Таза болса табиғат, адам болар адамзат» акциясы өткізілді. Әлеуметтік-педагогикалық өзара іс-қимыл нысандары сан алуан түрлі, олар өзара түсінісу, бір біріне қызығушылық білдіру, кеңейе түсетін тұлғааралық өзара қарым-қатынастар процесінде пайда болады, өзгереді.

Жалпы тәрбиелеу қызметі өзара іс-қимылдың жоғары нысаны – ынтымақтастықты туызады және оның нәтижесінде нысандар – мектептің тәрбиелеу жүйесінің маңызды элементіне айналатын дәстүрлер («Білім күні», «Соңғы қоңырау»), спорттық жарыстар («Салауатты ұландар»), «Бұраң бел» хореография клубы ұжымының өнері, дөңгелек үстел («Жүрек жылуын бірге сезінейік!»), акциялар («Әрбір жүректі мейіріммен қарсы алайық», «Сізге деген сүйіспеншілікпен», «Маған қымбат жандарға ризашылықпен»), ұжымдық шығармашылық іс («Біз жарқын өмірді таңдаймыз!») туындайды.

Каникул уақытында «Жүрек жылуы» жобасының бастамашылары Мектеп әкімшілігімен бірлесіп, «Балауса» сауықтыру лагерінде ПДТ балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға қатысады.

«Жүрек жылуы» жобасы мына бағыттар бойынша іске асырылады:

- 1) жоғары сынып оқушылар отрядының жұмысы;
- 2) жоғары сынып оқушылары медициналық отрядының жұмысы;

3) психологтар отрядының жұмысы;

4) мәдени-көпшілік отрядтың жұмысы.

«Нұр тамшы» балалар қоғамдық бірлестігінің өзін-өзі басқару органдары проблемалы балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, рухани-адамгершілік қасиеттерін (мейірімділік, бауырмалдылық, толеранттылық, ыждаһаттылық және т.б.) қалыптастыруға бағытталған, бірлескен, әлеуметтік пайдалы қызметті ұйымдастыра алды.

Қорытынды

Білім алу — адамның ажырамас құқығы. Мүмкіндіктері шектеулі балалар отандық білім беру жүйесінде ерекше орын алады.

Бұл санаттағы балалардың өміршеңдігін қамтамасыз ету мәселелері Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» заңдарында, сондай-ақ бірқатар нормативтік құқықтық актілерде айқындалған.

Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес барлық басқа балаларға тең білім алу және шығармашылық даму құқығына ие бола отырып, мүмкіндіктері шектеулі балалар өмірде бұл құқығын іске асыру мүмкіндігінен айрылған жағдайлар жиі кездеседі.

Мұндай балаларға қатысты мемлекет пен қоғамның алдында тұрған негізгі міндет — олардың әлеуметтік оңалуы мен бейімделуінде жағдайлар жасау және көмек көрсету, қоғамдағы толыққанды өмірге дайындау. Қазіргі мектеп егер шын мәнінде өсіп келе жатқан ұрпақты білім берудің жаңа сапасымен қамтамасыз етуге мүдделі болса, білім берудің толықтығы қағидатына негізделген өз қызметінің түбегейлі өзге функционалдық моделін құруы тиіс. Бұл қазақстандық мектепте балаларға негізгі және қосымша білім беру теңқұқылы, бірін-бірі толықтырушы компоненттер бола алатыны, сондығымен әрбір баланың зияткерлік тұрғыда ғана емес, сонымен қатар толыққанды жеке дамуы үшін қажетті біртұтас білім беру кеңістігін құратындығын білдіреді. Бұл жағдайларда мектеп олардың қоғамда ойдағыдай бейімделуі үшін негіз бола алар еді.

Қосымша білім беру тек әлеуметтендіру міндеттерін ғана шешіп қоймайды, сонымен қатар жасөспірімнің жеке тұлғасын даралайды және шығармашылық қабілеттерді дамытудың негізгі факторына айналады. Ол балалардың өз болмыстарына жақын, ішкі қажеттіліктеріне жауап беретін, мүдделерін қанағаттандыруға, шығармашылық әлеуетін және т.с.с. дамытуға көмектесетін қосымша білім беру бағдарламаларын еркін таңдауына және меңгеруіне арналған.

Мектепте балаларға қосымша білім беру негізгі міндеттерді шеше алады:

мектепте негізгі білімнің құндылықтарын оң қабылдауға арналған

эстетикалық, эмоциялық қолайлы жағдай туғызу;

жалпы білім берудегі кемшіліктердің орнын толтыру;

балалардың басқа білім беру институттарында алған білімдері мен дағдыларын кеңейту, тереңдету және түзету;

мектепке жаңа ұрпақтың гуманитарлық, ғылыми-техникалық, мәдени, әлеуметтік-педагогикалық, көркемдік-эстетикалық білім беру бағдарламалары мен оқу-әдестемелік құралдарын енгізу.

Балаларға жалпы және қосымша білім беруді интеграциялаудың мазмұндық негізі балалар мен жасөспірімдердің бірлескен білім беру, жасапмаздық, зерттеушілік, шығармашылық, ойындық, демалыс-ойын-сауық және басқа қызмет түрлерінің әртүрлі салалары болуы мүмкін:

сәндік-қолданбалы өнер, бейнелеу қызметі, музыка шығармашылығы, хореографиялық өнер, театр шығармашылығы және т.б.;

барлық білім беру бағыттарындағы зерттеушілік қызмет;

әлеуметтік практикалық қызмет (балалар және жастар қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдары, балалар қоғамдық қозғалысы, клуб қызметі және т.б.);

зияткерлік, танымдық, азаматтық-саяси қызмет (жоғары сынып оқушыларына арналған «Дебаттар», «Балалар парламенті» және т.б. зияткерлік ойындар);

жоғары зияткерлік және шығармашылық қабілеттері бар балалармен кешенді жұмыс, «XXI ғасыр көшбасшысы», «Дарынды балалар» жобаларына бірлесе қатысу;

балалар мен жасөспірімдердің өмір сүру ортасында спорттық, мәдени-көпшілік іс-шаралар, спорт түрлері, санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтау, өртке қарсы іс-шаралар арқылы олардың денсаулығын нығайту және сақтау;

балалар мен жасөспірімдердің оң қасиеттерін жүйелі түрде қалыптастыру;

жанұяда, білім беру мекемесінде, қоғамдық жерлерде биязы болуға, мәдениетті мінез-құлыққа үйрету;

балалар мен жасөспірімдердің ішкі және сыртқы мәдениетін қалыптастыру;

ортаның өсіп келе жатқан ұрпаққа тигізетін жағымды және жағымсыз әсерлеріне диагностикалық зерттеулер жүргізу.

Біздің ойымызша, қосымша білім беру жүйесінің қағидаттары, бір жағынан, білім берудің білім беру ұйымдары ретінде, екінші жағынан, демалыс бірлестігі ретінде үйлесім тапқан жағдайында ғана денсаулық мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін тиімді дамытуды қамтамасыз ете алады.

Қазіргі қазақстандық қоғамда балаларға қосымша білім беру ұйымдары олардың шығармашылық белсенділігін дамытуға арналған кеңістік ретінде әлеуметтік-педагогикалық алғышарттар құрылған:

білім беруді ізгілендіру және әлемдік қоғамдастықта орын алған,

жаһандық білім алу ортасын құру проблемасын жандандыру үрдісі;

қазақстандық білім беруде әрбір баланың шығармашылық дамуы үшін және оның өзінің балалар бірлестігінде, мектепте, қалада, мемлекеттегі өмірге белсене қатысуы үшін арнайы ұйымдасқан орта құруға бағытталған, жеке бағдарланған тәсілді бекіту;

балаларға қосымша білім беру ұйымдарының мүмкіндіктерін, оның вариативтілігін және жеке бағытын, білім беру процесінің барлық субъектілерінің өзара қарым-қатынастарының демократиялық стилін, қабілеттілік деңгейлері әртүрлі балалармен жұмыс істеуді саралаудың және даралаудың, «табысты жағдайларын» құру мүмкіндіктеріне негізделген шығармашылық белсенділігін дамытуда қажеттіліктерін ынталандыру тетіктерін пайдалану.

Аталған мүмкіндіктер білім алушылардың шығармашылық белсенділігін дамытудың негізін құрайды, біз оны қызықтыратын практикалық қызметтегі өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін іске асыруда; алда тұрған қызметтің мұратын таңдаудағы және оны іс жүзіне асырудағы дербестікте; қоршаған шындықтың түрленуіне белсене қатысуда көрініс табатын, жеке тұлғаның интегративті қасиеті ретінде қарастырамыз.

Балалардың жеке тұлғасының шығармашылық белсенділігін дамытудың ерекшеліктері оның вариативтілігін, проблемалылығын, жеке маңызын, эмоциялық тартымдылығын қамтиды.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытудың критерийлері тәрбиеленушілердің қызметке құндылық-мағыналық көзқарасының қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасына бейімделуі; қызмет пен қабылданатын шешімдердегі дербестік; қызметтің қол жеткізілген нәтижелеріне қанағаттанушылық.

Қосымша білім берудегі білім алушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуды педагогикалық қолдау моделі педагог қызметінің мақсаты мен міндеттерін, мазмұнын, білім алушылардың дербес қызметін, олардың даму шарттарын, білім алу қызметі тиімділігінің критерийлері мен көрсеткіштерін, күтілетін нәтижені қамтиды.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық қызметін дамытуды педагогикалық қолдаудың тиімділігі балалардың жас ерекшеліктері мен жекебасты ерекшеліктеріне сәйкес келетін, білім беру қызметінің нысандарын іске асырумен, сондай-ақ педагогтің, балалардың және олардың ата-аналарының өзара іс-қимылымен қамтамасыз етіледі.

Қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларға білім беру мазмұнын түрлендіру жіне шығармашылық дамуын даралаудың әзірленген технологиялары балалардың да, сол сияқты педагогтердің де шығармашылық белсенділігін дамытады, тәрбиеленушілердің қызметке оң (танымдық, өнімділік, коммуникативтік) көзқарасын, олардың қызметтің қоғамдық маңызы бар мақсаттарын тануын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қосымша білім беруде балаға жеке бағдарланған тәсіл оның өзін өзі тануы, өзін өзі дамытуы және өз орнын табуы үшін жағдайлар туғызады; оған

«табысты жағдайды» бастан кешіруге мүмкіндік береді, бұл қорқынышты, шорқақтықты, ұялшақтықты, ұяндықты, абыржушылықты, қиналушылықты жеңуге көмектеседі. Қосымша білім беру ұйымының балалар бірлестігінде тәрбиеленушілерді шығармашылық дамытудың жеке білім беру бағдарларын құру білім алушылардың шығармашылық белсенділігін дамытудағы қажеттіліктерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Қосымша білім беруде білім алушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту жұмыстың ұжымдық, топтық және жеке нысандарында іске асырылатын эмоциялық-тартымдылық, практикалық және демалыс қызметін жандандырудың әдістері мен құралдарын пайдалана отырып, білім процесінің мазмұнын іске асырумен қамтамасыз етіледі. Қосымша білім беруде балаларды шығармашылық дамытуда жеке білім беру бағдарларын құрудың әзірленген технологиялары білім алушылардың шығармашылық белсенділігін дамытудағы қажеттіліктерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Дәл осы қосымша білім беру жүйесінде кез келген қабілеттеліктері, білім деңгейлері әртүрлі және мүмкіндіктері шектеулі балаға жеке тұрғыдан қарау мүмкін болды. Балалардың бұл санаты қарым-қатынасқа, ықыласқа, мейірімге мұқтаж. Мүмкіндігі шектеулі балаға күрделі де түсініксіз әлемді тануға көмектесетін маман ретінде педагогикаға үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр.

Бір жағынан, педагог пен білім алушының жемісті ынтымақтастығын білдіретін бірлескен шығармашылығы, екінші жағынан – нәтижесінде шығармашылық өзара баю жүретін, жаңа педагогикалық дұрыс бағдар құру, дұрыс бағдарды бірлесе қайта құру білім алушының шығармашылық белсенділігін дамытуды қамтамасыз етудің өзекті шарттарының бірі болып табылады.

Қосымша білім беру жүйесінің қағидаттары, бір жағынан, білім берудің білім беру ұйымдары ретінде, екінші жағынан, демалыс бірлестігі ретінде үйлесім тапқан жағдайында ғана, біздің ойымызша, денсаулық мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін тиімді дамытуды қамтамасыз етеді.

Қосымша білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды кешенді оңалтудың жалпы жүйесінде пайдалану, оларды шығармашылықпен айналысуға ынталандыру, мүгедек балаларды мәдени өмірге көптеп тарту, олардың араласуы мен тәжірибе алмасуы үшін жағдайлар жасау ДМШ баланы тәрбиелеудің, оның мәдени тұрғыда дамытудың құралдары болып табылады.

Балаларды шығармашылық оңалту – баланың шығармашылық әлеуетін ашуға, рухани және зияткерлік даму деңгейін арттыруға, ДМШ баланың денсаулығын нығайтуға бағытталған, бала өзіне өзі қызмет етудің біліктері мен дағдыларын меңгеруіне, оның бойында өзіндік толыққандылық пен әлеуметтік маңыздылыққа деген психологиялық сенімділік орнатуға бағытталған іс-шаралар кешені.

Қолданылған әдебиет

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана, 2007.
- 2 Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдары білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы // ҚР БҒМ, Астана, 2011.
- 3 Послание Главы государства Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь - 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее».
- 4 Акатов «Социальная реабилитация детей с ограниченными возможностями здоровья». Изд. Владос. 2003.
- 5 Ахметова Ж.Р. «Музыкальное эстетическое воспитание как содержательное развитие личности», вып. № 2. 2006.
- 6 Балтабаев М.Х. «Современная художественная культура Казахстана» Алматы, 1998.
- 7 Балтабаев М.Х. «Творчество ученика – творчество учителя». Вестник Алматы, 2000.
- 8 Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. СПб.: СОЮЗ, 1997. – 96 с.
- 9 Дементьева Н. Ф., Багаева Г. Н., Исаева Т. А. «Социальная работа с семьей ребенка с ограниченными возможностями», Институт социальной работы, М., 1996.
- 10 Дополнительное образование: опыт и перспективы развития / Под науч. ред. С.В. Сальцевой. - М., 1997.
- 11 Евладова Е. Б, Логинова Л. Г., Михайлова Н. Н. Дополнительное образование детей. М.: ВЛАДОС, 2002.
- 12 Екжанова Е.А., Резникова Е.В. Использование информационных технологий в работе с детьми, имеющими ограниченные возможности здоровья, г. Новокуйбышевск, 2009.
13. Коджаспирова Г. М., Коджаспиров А. Ю. Педагогический словарь для студ. высш. и сред. пед. учеб. заведений. М.: Издательский центр «Академия», 2003.
14. Лебедева О. Е. Дополнительное образование детей: учебное пособие. М.: Гуманит. изд. центр «ВЛАДОС», 2000.
15. Лейтес Н.С. Способности и одаренность в детские годы. М.: Знание, 1984.
16. Лейтес Н.С. Умственные способности и возраст. М.: Педагогика, 1971.
17. Малеванов Е. Ю. Моделирование активной образовательной среды для детей с ограниченными возможностями здоровья, г. Тамбов, 2007.
18. Мудрик А.В. Введение в социальную педагогику. М., 1997.

19. Неменский Б.М. Мудрость красоты. О проблемах эстетического воспитания. Книга для учителя'. Изд-во: М.: Просвещение, 1981 г.
20. Немов Р.С. Психология. Книга 1. М., 1998.
21. Никитина, Л.Я. Современная система дополнительного образования и перспективы ее развития. Московская школа.- 2001.
22. Развитие дополнительного образования в общеобразовательном учреждении. Е.Б. Евладова, Л.А. Николаева.- М.: ФМО РФ, Институт общего образования,1996.
23. Ребенок в инклюзивном дошкольном образовательном учреждении», Москва, 2010.
24. Староверова М.С. Методическое пособие. Инклюзивное образование. Настольная книга педагога, работающего с детьми с ОВЗ. Владос, 2012.
25. Теплов Б.М. Избранные труды. - М., Педагогика, 1985 (тт.1-2).
26. Словарь основных понятий по социальной реабилитации детей с ограниченными возможностями здоровья. (под редакцией Гусяковой Л.Г.). Барнаул, 1997.
27. Школа открытая для всех: пособие для учителей общеобразовательных школ, работающих с детьми-инвалидами / РООИ «Перспектива». – М. Перспектива, 2003.